9 мамыр
Жеңіс күні

# ЕРЛІК – ЕЛГЕ МҰРА, ҰРПАҚҚА – ҰРАН!

9 МАМЫР,
2026 ЖЫЛ,
СЕНБІ
№49 (23 663)

OQ ORTALYQ QAZAQSTAN

95 ЖЫЛ

1931 жылдың
4 қазанынан бастап шығады

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

www.ortalyq.kz | www.instagram.com/ortalyq.kz/ | www.facebook.com/ortalyq.kz/ | info@ortalyq.kz

## Қадірлі ардагерлер!

Сіздерді 9 мамыр – Жеңіс күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Бұл қасиетті күн Ұлы Отан соғысы жылдарында бостандықты қорғаған халық ұлдарының ерлік істеріне терең құрметтің белгісі болып қала береді. Осы кезеңде миллиондаған адамдар Отанды қорғауға, тылда еңбек етуге жұмылып, осы еңбектерімен Ұлы Жеңісті жақындата түсті. Олардың бұл істері бейбітшілік пен бостандықтың берік іргетасына айналды. Біз ардагерлеріміздің Отанды қорғау жолындағы жанқиярлыққа толы ерлік істерін терең ризашылықпен еске аламыз.

Ұлы Жеңіс күні ұрпақтарымыздың жадында мәңгілікке сақталып, бейбітшілік пен бірлікті, өзара келісімді қорғауға негіз бола бермек. Құрметті ардагерлер мен Отан қорғаушылар, мерекеге орай сіздерге зор денсаулық, амандық тілейміз. Еліміз көркейіп, дами берсін, аспанымыз ашық болсын!

Мереке құтты болсын!

**Ермағанбет БӨЛЕКПАЕВ,**
**Қарағанды облысының әкімі**

**Нұркен КОБЖАНОВ,**
**Қарағанды облыстық мәслихатының төрағасы**

● ТАҒЗЫМ

# Жеңісті жақындатқан Қарағанды

**Адамзат тарихындағы ең алапат кезеңдердің бірі Екінші дүниежүзілік соғыс миллиондаған адамның тағдырын өзгертіп, халықтарға орасан қайғы әкелді. Сұрапыл соғыс жылдары елін, жерін қорғаған батырлардың ерлігі мен тылдағы халықтың жанқияр еңбегі тарих бетінде мәңгі қалды. Биыл Ұлы Жеңіске 81 жыл. Бұл – бейбіт өмірдің бағасын түсіндіріп, ерлікке тағзым ететін ерекше күн.**

**Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,**
«Ortalyq Qazaqstan»



Коллажды жасаған Арайлым Көктаева

Соғыс басталған сәттен бастап, Қазақстан халқы майдан мен тылда жұмыла еңбек етті. Республикадан 1 миллион 200 мыңнан астам адам әскер қатарына шақырылды. Солардың қатарында Қарағанды өңірінің азаматтары да болды. Қарағанды облысынан 60 мыңнан астам адам майданға аттанып, олардың 25 мыңы туған жеріне қайта оралмады. Әрбір санның артында үзілген тағдыр, ананың көз жасы мен сағынышқа толы жылдар тұрды.

Қарағанды соғыс жылдары елдің негізгі өндірістік тіректерінің біріне айналды. Әсіресе, Қарағанды көмір бассейні майдан үшін стратегиялық маңызға ие болды. Шахталарда тәулік бойы жұмыс тоқтамады. Ер азаматтардың көбі соғысқа кеткендіктен, ауыр еңбек әйелдер мен жасөспірімдердің иығына түсті. Олар қиындық пен аштыққа қарамастан, майданды көмірмен үздіксіз қамтамасыз ету үшін жан аямай еңбек етті. Соғыс жылдары өңірде көмір өндіру көлемі айтарлықтай артып, майдан қажеттілігінің маңызды бөлігін өтеді. Бұл – тылдағы еңбеккерлердің Жеңіске қосқан үнсіз ерлігі еді.

Соғыс кезінде Қарағанды облысына Кеңес Одағының батыс өңірлерінен көптеген зауыттар мен өндіріс орындары эвакуацияланды. Қысқа мерзім ішінде жаңа кәсіпорындар іске қосылып, әскери техникаға қажетті бөлшектер, металл өнімдері мен тұрмыстық заттар шығарыла бастады. Өңір госпитальдарға айналып, жараланған сарбаздарды қабылдады. Сонымен қатар, Қазақстанға 500 мыңнан астам эвакуацияланған адам көшірілсе, олардың мыңдағаны Қарағанды жерінен пана тапты. Бұл қазақ халқының кеңпейілдігі мен адамгершілігін танытқан тарихи кезең болды. Қарағандыда жасақталған 77-артиллериялық полк майдан даласында ерекше ерлік көрсетті.

➤ 4-бет

● АКЦИЯ

# Бейбіт күннің берекесі

**Жеңіс күні қарсаңында «AMANAT» партиясының «Жастар рухы» жастар қанатының белсенділері қала тұрғындарына Жеңіс ленталарын тарату акциясын өткізді. Мерекелік шараның басты мақсаты – тарихи жадымызды жаңғырып, аға буын ерлігін ұлықтау.**

**Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Акция барысында белсенді жастар үш топқа бөлініп, қала тұрғындары көп шоғырланатын орындарға шықты. Атап айтқанда, «Таир» сауда үйі маңында, Global City сауда орталығы аумағында және «Абзал» сауда үйі мен ЦУМ маңында өтті. Жастар тұрғындарға мерекелік ленталар таратып, Ұлы Жеңістің мәні мен бейбіт күннің қадірі туралы жылы лебіздерін жеткізді.

– Акцияның негізгі мақсаты – жастарды отансүйгіштікке баулу, қала тұрғындарына Жеңіс күнінің қадір-қасиетін сезіндіру. Біз үшін бұл – тарихи жадыны сақтауға, батырлар ерлігін ұмытпауға бағытталған маңызды бастама. Бейбіт күннің бағасын түсіну, аға буын аманатына адал болу – бүгінгі ұрпақтың парызы, – деді ұйымдастырушы, «Жастар рухы» жастар қанаты Қарағанды облыстық филиалының төрағасы Арафат Мәжитов.

● ӨНЕГЕЛІ ҒҰМЫР

# «Ғалымның хаты өлмейді»

**Зейнеп (Елизавета) Әлиханқызы Сәдуақасова 1903 жылдың 8 мамырында Омбы қаласында, ұлт көсемі Әлихан Бөкейханның отбасында дүниеге келеді. Әкесінің әу баста қыз баласына, тұла бойы тұңғышына қойған есімі Зейнеп болатын. Зейнеп бала кезінде әкесінің қасында көп бола қоймаған болу керек. Әлихан Нұрмұхамедұлы саясат пен журналистік қызметтен босамайды екен.**

Жаз бойы бала Зейнеп Тоқырауындағы әкесінің туған жерінде өткізеді. Мұнда ол өзінің етбауыр туыстарының, ең бастысы әжесі Бежекемнің (Әлиханның анасы Бегім ханым) маңайында болып, масайрап, бой жазатын. Басқа уақыттарда анасы және нағашы атасымен Омбы қаласында тұрады. 1918 жылы 15 жасқа толғанда Семей қаласында ұзаққа созылған ауыр науқастан анасы Ольга Яковлевна өмірден өтеді. Патша үкіметі 8 жылға Самараға жер аударған әкесі Әлихан Нұрмұхамедұлы мерзімін өтеп, Омбы қаласына оралуға рұқсат бермеген соң, отбасы Орынборға көшуге мәжбүр болады. Әкесі мен балалары осы жерде бастарын қосты. Өкінішке қарай қуаныштары ұзаққа созылмады. Бұл кезде Зейнеп Орынборда қыздар гимназиясында оқитын еді. Гимназиядағы оқуын ойдағыдай аяқтаған соң 1920 жылы Томск университетінің медицина факультетіне құжат тапсырады. 1922 жылы Сталиннің үкімімен Әлихан Бөкейхан Мәскеуге жер аударылады. Әкесі мен бауырының қасында болу үшін, 1922 жылы Мәскеу мемлекеттік университетінің медицина факультетіне ауысады. Университет басшылығы есімін ауыстыруды талап еткен соң, әкесінің келісімімен Зейнеп енді Елизавета Букейханова болып аты-жөнін ауыстырады. 1923 жылдың сәуірінде Лиза мемлекет және қоғам қайраткері, журналист, драматург, Қазақстанда ағарту ісін ұйымдастырушылардың бірі болған Смағұл Сәдуақасовқа тұрмысқа шығады. Смағұл Сәдуақасов белгілі қоғам қайраткері, жазушы, сыншы, ағартушы ретінде тарихта қалған тұлға. Лиза мен Смағұл Омбыдағы жылдарынан таныс болған.

Қазақстаннан кетуге мәжбүр болған Лиза елімен енді хат арқылы немесе достарымен Мәскеуде кездесулері арқылы ғана байланысып тұрады. Әкесі мен қызының арасында ерекше байланыс болғандығы туралы естеліктерде жиі айтылады. Лиза әкесінің таныстарының ортасында көп болып, етене араласады. «Бір жолы ол маған Әлиханның тұтқыннан босатылу тарихын айтып берді. Лиза апай князь Кугушевтің қызымен құрбы болған, сол достықтары қысталаң шақта да жақсы демеу болған еді», – деп жазады Сырым Бөкейханов, «Өткен күнде белгі бар» атты мемуарлар жинағында. Смағұлдың достары Мұхтар Әуезов, Әлкей Марғұлан, Нығмет Нұрмақовтың отбасыларымен жақсы араласады. Дәмеш Жүргеновамен (Әлімхан Ермековтің қыз баласы) өмір бойы дос болып өтеді. Медицина факультетін аяқтаған соң ауруханаға медбике болып жұмысқа орналасады.

➤ 4-бет

## БАСПАСӨЗ-2026

### ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

**Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2026 жылдың II жартыжылдығына жазылу науқаны жалғасуда. Күнделікті жаңалықтар, сараптамалық мақалалар, мәдениет пен спортқа арналған жарияланымдар – бәрі бір газетте.**
**Газетке жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдеуге болады.**

**«Ortalyq Qazaqstan» – ақпаратқа сенім, жаңалыққа жақын!**

| Санаттар | Баламалы жазылым | «Қазпошта» АҚ Қала (теңге) | | «Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге) |
|---|---|---|---|---|
| Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін | 6 айға 7600 теңге | 6 ай | 13 770,14 | 10 141,30 |
| Жеке жазылулар үшін | 6 айға 4000 теңге | 6 ай | 6 141,30 | 5 891,30 |

**Анықтама телефоны:** 41-26-85, 8-702-638-56-85, 8-705-902-04-05.
**E-mail:** otdel.pochtovyy@bk.ru

**Каспи QR арқылы жазылуға болады**

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!**
**«Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнынсыз) баламалы жазылу жүргізіледі.**

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ: ●**EUR/KZT** 546.27 ●**USD/KZT** 463.41 ●**RUB/KZT** 6.18 ●**CNY/KZT** 68.04

Қазақстан Ұлттық Банкінің
8 мамыр, 2026 жылғы дерегі бойынша

● ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ СЕССИЯСЫНДА

# Жүйелі даму жолында

**Облыстық мәслихаттың кезектен тыс XXXIV сессиясы аймақ дамуының алдағы бағытын айқындайтын маңызды саяси алаңға айналды. Мәслихат төрағасы Нұркен Кобжанов төрағалық еткен жиынға облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев қатысып, күн тәртібіндегі негізгі мәселелер бойынша пікірін білдірді. Сессия барысында облыстық бюджетті нақтылау, «Таза Қазақстан» тұжырымдамасын іске асыру, жер қатынастары саласындағы өзгерістер, ауызсуды субсидиялау, инвестициялық ахуалды жақсарту, әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту және Қарағанды қаласының аумағын кеңейту сынды бірқатар мәселе қаралды. Депутаттар қабылдаған шешімдердің басым бөлігі халықтың өмір сапасын арттыруға, коммуналдық және әлеуметтік инфрақұрылымды жаңғыртуға, өңір экономикасын әртараптандыруға бағытталды.**




*Жәлел ШАЛҚАР,*
«Ortalyq Qazaqstan»

## Әлеуметтік міндеттер мен инфрақұрылым

Сессияны ашқан Нұркен Кобжанов қаралған мәселелердің өңір үшін стратегиялық маңызына тоқталды.

– Бүгінгі сессияда қаралған мәселенің барлығы облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына тікелей әсер етеді. Біз қабылдайтын әр шешім тұрғындардың тұрмыс сапасын жақсартуға, инфрақұрылымды жаңғыртуға және өңірдің ұзақмерзімді дамуына негіз болуы тиіс, – деді мәслихат төрағасы.

Сессиядағы басты мәселенің бірі – Қарағанды облыстық мәслихатының 2025 жылғы 9 желтоқсандағы №343 «2026-2028 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» шешіміне өзгерістер енгізу болды. Бұл мәселе бойынша облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Дулат Ашкенов кеңірек тоқталды.

Бюджетті нақтылау барысында әлеуметтік саланы қолдауға ерекше басымдық берілді. Атап айтқанда, орфандық аурулары бар пациенттерді өмірлік маңызды дәрі-дәрмектермен қамтамасыз етуге қосымша қаражат қарастырылды. Бұл сирек кездесетін ауыр дертке шалдыққан науқастар үшін аса маңызды шешім екені сөзсіз. Себебі, мұндай дәрі-дәрмектер өте қымбат және көптеген отбасының оны өз күшімен сатып алуға мүмкіндігі жоқ.

Сонымен қатар, өңірде телемедицинаны дамытуға көңіл бөлінді. Бұл шалғай елдімекендердегі тұрғындардың сапалы медициналық кеңес алуына мүмкіндік береді. Әсіресе, ауылдық жерлерде маман тапшылығы байқалатындықтан, цифрлық медицина жүйесін дамыту уақыт талабына айналып отыр.

Білім беру саласы да назардан тыс қалған жоқ. Абай және Ақтоғай аудандарындағы білім беру нысандарының материалдық-техникалық базасын нығайтуға қаржы бөлу қарастырылды. Бұл мектептерді жаңа жабдықтармен қамтамасыз етуге, оқу сапасын арттыруға және ауыл балалары үшін қолайлы орта қалыптастыруға бағытталған.

Инфрақұрылымдық жобалар қатарында Қарағанды қаласында кірме теміржол жолдарын салу мәселесі ерекше маңызға ие болды. Бұл кенді өлкенің өндірістік және логистикалық әлеуетін күшейтіп, инвестициялық тартымдылығын арттыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, Балқаш және Теміртау қалаларындағы әуе және жол-көлік инфрақұрылымын қолдау, Қарқаралы ауданындағы автомобиль жолдарын жөндеу жұмыстары да өңірлік экономиканың дамуына серпін береді.

Коммуналдық инфрақұрылымды жаңғырту мәселесіне ерекше назар аударылды. Қарағанды, Теміртау, Приозерск және Шахтинск қалаларындағы жылу электр орталықтары мен жылу желілерін жөндеу жоспарланған.

Бұдан бөлек, ауыл шаруашылығы саласына да қолдау көрсетілмек. Тыңайтқыштардың құнын субсидиялау және шегірткеге қарсы күрес шараларын қаржыландыру қарастырылған. Бұл ауыл шаруашылығы өнімдерінің тұрақтылығын сақтауға және фермерлердің шығынын азайтуға мүмкіндік береді.

## Депутаттардан маңызды бастама

Сессия барысында облыстық мәслихаттағы «AMANAT» партиясы фракциясының мүшелері Бекзат Алтынбеков пен Қадиша Оспанова маңызды әлеуметтік мәселелерді көтеріп, облыс әкіміне депутаттық сауал жолдады.

Ең алдымен, жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар саласы қызметкерлерінің еңбекақысына ынталандыру үстемақыларын енгізу қажеттігін айтты. Бұл мәселенің өзектілігі соңғы жылдары әлеуметтік сала қызметкерлеріне жүктеменің айтарлықтай артуымен байланысты. Әсіресе, халықты жұмыспен қамту, атаулы әлеуметтік көмек, мүгедектігі бар азаматтарды қолдау және әлеуметтік қызмет көрсету бағытында жұмыс істейтін мамандар үлкен жауапкершілік арқалап отыр.

Депутаттардың айтуынша, бұл саладағы кадр тапшылығы мен мамандардың тұрақтамауының басты себебінің бірі – еңбекақы деңгейінің төмендігі. Сондықтан, ынталандыру үстемақысын енгізу тәжірибелі мамандарды сақтауға, әлеуметтік қызмет сапасын арттыруға ықпал етеді.



– Әлеуметтік қорғау жүйесіндегі кадрлық әлеуетті тұрақтандыру және осы саладағы жұмыстың тартымдылығын арттыру мақсатында Қарағанды облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына қарасты мекемелер қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларына үстемақы белгілеу мүмкіндігін қарастыруды ұсынамын.

Сонымен қатар, өңірлік бюджетті қалыптастыру кезінде бұл мақсатқа тұрақты негізде қосымша қаржы бөлуді қарастырып, уақытша әрі бір реттік шешімдер тәжірибесінен бас тарту қажет деп санаймын, – деді Қадиша Базарбайқызы.

Бекзат Алтынбеков Қарқаралы ауданы мен Саран қаласында «толық бітіріп берілетін» құрылыс жобаларын іске асыру мәселесін де көтерді.

– Қарқаралы қаласында халық санының тұрақты өсуі байқалады – 8 мыңнан 9 мың адамға дейін артқан. Оның ішінде, балалар саны 3 200-ден 4 000-ға дейін көбейген. Алайда, қалада небәрі үш мектеп қана жұмыс істейді, олардың екеуі жобалық қуатынан артық жүктememен қызмет атқаруда.

Осындай жағдай Саран қаласы мен Ақтас кентінде де қалыптасып отыр. Бұл елдімекендерде жалпы саны 5 700-ден астам оқушы білім алатын 8 мектеп жұмыс істейді. Соңғы 10 жылда оқушылар саны 1 300-ден астам балаға көбейген, – деді Бекзат Қомарұлы.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев фракция мүшелері тарапынан жолданған депутаттық сауалды тыңдап, ұсыныстың орынды екенін және қолдайтынын жеткізді.

Бұл бастама өңірдегі білім беру инфрақұрылымын жаңарту тұрғысынан аса маңызды. Себебі, кейбір елдімекендерде мектептердің тозуы, орын тапшылығы және үш ауысымды оқыту мәселесі әлі де сақталып отыр. Жаңа форматтағы толық жабдықталған мектептердің салынуы оқушыларға заман талабына сай білім алуға мүмкіндік береді.

## Қарағандыға қосылады

Кезектен тыс сессияда қабылданған маңызды стратегиялық шешімнің бірі – Қарағанды қаласы мен Бұқар жырау ауданы арасындағы әкімшілік шекараны өзгерту мәселесі. Депутаттар Бұқар жырау ауданының Тұзды ауылдық округіне қарасты Көкпекті станциясының 281 гектар жерін Қарағанды қаласының әкімшілік-аумақтық бағынысына беру туралы шешімді қолдады.

Бұл мәселе өңірде бірнеше жылдан бері талқыланып келген. Көкпекті станциясының тұрғындары елдімекенді толықтай қала құрамына енгізуді сұрап, талай рет мәселе көтерген. Себебі, қазіргі әкімшілік бөлініс салдарынан тұрғындар коммуналдық қызмет көрсету, инфрақұрылымды дамыту және әлеуметтік мәселелер бойынша көптеген қиындыққа тап болған.

Мәселе бойынша баяндама жасаған облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Дулат Ашкенов бұл бастама Қазақстан Республикасының Жер кодексі мен «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Заңы негізінде әзірленгенін айтты. Мәлімдеуінше, бұл өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін беретін маңызды шешім.



Алайда, аумақтық бөліністегі сәйкессіздік салдарынан тұрғындардың күнделікті өмірінде көптеген түйткіл жиналған. Бір бөлігі Қарағанды қаласына, екінші бөлігі Бұқар жырау ауданына қарағандықтан, коммуналдық және инфрақұрылымдық мәселелер ұзақ уақыт бойы толық шешімін таппаған.

Сессияда кеншілер қаласының әлеуметтік-экономикалық әлеуеті де кеңінен айтылды. Дерекке сүйенсек, бүгінде қала халқының саны 532 515 адамды құрайды. Қарағанды – республикадағы өнеркәсібі дамыған жетекші өңірдің бірі. 2025 жылдың қорытындысы бойынша өңдеу өнеркәсібі қаланың жалпы өнеркәсіп өндірісінің 75,7 пайызын құраса, облыстық өнеркәсіп көлеміндегі үлесі 14,7 пайызға жеткен.

Сессия барысында Қарағанды қаласының аумағын кеңейтудің экономикалық тиімділігі де ескерілді. Жаңартылған Бас жоспарға сәйкес, Көкпекті станциясындағы 192,8 гектар жайылым жерді ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер санатынан елдімекен жерлеріне ауыстыру жоспарланып отыр.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев бұл шешімнің әлеуметтік маңызына тоқталып, Көкпекті станциясындағы инженерлік және коммуналдық мәселелерді жүйелі түрде шешу үшін енді нақты мүмкіндіктер ашылатынын атап өтті.

## Экомәдениеттің озық қадамы

Сессияда өңірдегі экологиялық ахуалды жақсарту және тұрғындардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру мәселесіне де ерекше назар аударылды. Депутаттар облыс бойынша 2024-2029 жылдарға арналған «Таза Қазақстан» экологиялық мәдениетті дамыту тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі өңірлік іс-қимыл жоспарына өзгерістер енгізуді бекітті.

Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Тілектес Досаевтың айтуынша, жаңартылған жоспардың маңызды бағыттарының бірі – экологиялық таза көлік инфрақұрылымын дамыту.

Өңірде велосипед көлігіне арналған инфрақұрылым мен электр көліктеріне арналған қуаттау станцияларын көбейту көзделіп отыр. Бұл өз кезегінде атмосфераға таралатын зиянды қалдықтарды азайтуға ықпал етеді.

Бұдан бөлек, халық көп жиналатын орындарда экобокстар мен фандоматтар орнату жұмыстары күшейтіледі. Бұл тұрғындардың тұрмыстық қалдықтарды сұрыптау мәдениетін қалыптастыруға бағытталған. Әсіресе, қайта өңделетін шикізатты тапсыру арқылы ақшалай бонус алу мүмкіндігі халықтың қызығушылығын арттырады деп күтілуде.

– Тұжырымдамаға өзгерістер енгізу маңызды. Біздің тұрғындар «Таза Қазақстан» бастамасын белсенді қолдады, жұмыс жүріп жатыр. Оны тиімді ету үшін тез шешім қабылдау керек, – деді аймақ басшысы.

## Жер қатынасындағы жаңа тепе-теңдік

Жер учаскелері үшін төлемақының жаңа базалық ставкаларын бекітуді де кеңінен талқылады. Облыстың ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Азамат Тюлюбеков, қолданыстағы мөлшерлемелердің бүгінгі нарық талаптарына сәйкес келмейтінін айтты.

Оның мәліметінше, қазіргі базалық ставкалар Қарағанды облысы әкімдігінің 2016 жылғы 11 сәуірдегі №24/07 бірлескен қаулысымен және облыстық мәслихаттың 2016 жылғы 28 сәуірдегі №30 шешімімен бекітілген. Яғни, бұл мөлшерлемелер тоғыз жыл бұрын қабылданса, есептеу жұмыстары бұдан 10-11 жыл бұрын жүргізілген.

– Ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге сәйкес базалық ставкалардың өзектілігі 5-7 жыл аралығында сақталады. Сондықтан, қазіргі қолданыстағы мөлшерлемелер бүгінгі нарық талаптарына толық жауап бермейді және өзектілігін жоғалтты, – деді Азамат Тюлюбеков.

Сессия барысында соңғы жылдары өңірдегі жылжымайтын мүлік нарығында бағаның үздіксіз өсіп келе жатқаны да атап өтілді. Әсіресе, 2022 жылы инфляция деңгейінің күрт жоғарылауы жер құны мен нарықтық бағалауға елеулі әсер еткен. Осыған байланысты «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы жаңа базалық мөлшерлемелерді есептеп, олар жергілікті атқарушы органдармен келісілгеннен кейін мәслихаттың қарауына ұсынылған.

Жерге сұраныстың артуы және жаңа есептелген базалық мөлшерлемелерді ескере отырып, алдағы жылдары жерді тікелей сату және жалдау құқықтарын өткізу арқылы түсетін түсім көлемі 2025 жылмен салыстырғанда артады деп болжануда.

Ұсынылған жаңа мөлшерлемелерге сәйкес, тек аукцион арқылы берілетін жер учаскелері бойынша базалық ставкаларды арттыру көзделіп отыр.

## Әлеуметтік тұрақтылықтың кепілі

Күн тәртібінде Қарағанды облыстық мәслихатының 2025 жылғы 20 карашадағы №334 «Қарағанды облысы бойынша субсидиялауға жататын сумен жабдықтау жүйелерінің тізіміне енгізілген сумен жабдықтау жүйелерінен берілетін ауыз судың бір текше метрі үшін төлем мөлшерін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу мәселесі де қаралды.

Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Тілектес Досаев Қазақстан Республикасының Су кодексінің 27-бабына сәйкес, облыстық басқарма халыққа берілетін ауыз су қызметінің құнын субсидиялау жұмыстарын жүргізіп келе жатқанын айтты.

Мәлімдеуінше, субсидиялау тетігі тұрғындардың ауыз су үшін төлейтін шығындарының бір бөлігін өтеуге бағытталған. Бұл әсіресе, ауылдық елдімекендер мен орталықтандырылған сумен жабдықтау жүйелері жаңадан енгізілген аумақтар үшін аса маңызды.

Сессия барысында тарифтердің өсуіне жарияланған мораторийге байланысты бұл бағыттағы жұмыстар қайта қаралғаны айтылды. Одан бөлек, Қарағанды облысы прокуратурасының 2026 жылғы 23 ақпандағы №2-08-26-02179 наразылығы негізінде облыстық энергетика басқармасы, прокуратура және облыстық мәслихат аппараты бірлесіп тиісті түзету жұмыстарын жүргізген.

– Ұсынылып отырған өзгерістер халық үшін ауыз су тарифтерінің қолжетімділігін сақтауға және қолданыстағы субсидиялау тетігін заң талаптарына сәйкестендіруге бағытталған, – деді Тілектес Досаев.

Тұрақты комиссия мүшелері аталған түзетулердің әлеуметтік маңызын қолдап, халыққа көрсетілетін коммуналдық қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз ету мәселесі әрдайым басты назарда болуы тиіс екенін айтты.

## Түйін

Кезектен тыс өткен XXXIV сессия аймақ дамуындағы маңызды кезеңнің бірі болды. Қабылданған шешімдер әлеуметтік қолдау шараларын күшейтуге, инженерлік инфрақұрылымды жаңғыртуға, экологиялық саясатты жетілдіруге және өңірдің инвестициялық әлеуетін арттыруға бағытталды.

Жиынды қорытындылаған Нұркен Кобжанов қабылданған шешімдердің орындалуы тұрақты бақылауда болатынын атап өтті.

– Бүгін қабылданған шешімдер өңірдің ұзақмерзімді дамуына серпін береді. Инфрақұрылымды жаңғырту, әлеуметтік саланы қолдау, экологиялық мәдениетті қалыптастыру және инвестициялық ахуалды жақсарту – барлығы да халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған жүйелі жұмыстар. Мәслихат депутаттары әр бастаманың нақты нәтиже беруіне ерекше көңіл бөледі, – деді мәслихат төрағасы.

Бастысы, сессия барысында қаралған мәселелердің барлығы тұрғындардың нақты қажеттіліктерімен тығыз байланысты. Көкпекті станциясының мәселесінен бастап, ауыз су тарифтеріне дейінгі шешімдер халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға бағытталғаны анық көрінді.

Суреттерді түсірген
**Александр МАРЧЕНКО**

Нұртас СМАҒҰЛОВ:

# «Белгісіз қазақ жауынгері» ескерткішін ашу керек




**Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталғанына биыл 81 жыл толды. Десе де, сол сұрапыл жылдардағы Қазақстанның қосқан үлесі мен көрген қасіреті әлі де терең зерттеуді қажет етеді. Біз майдандағы ерлікті мақтан тұтқанымызбен, тылдағы «Еңбек армиясының» тағдыры мен соғыстың демографиялық соққысын жиі ұмыт қалдырамыз. Академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің қауымдастырылған профессоры, PhD доктор, белгілі тарихшы Нұртас Смағұловпен осы бір ой төңірегінде сұхбат құрған едік.**



**– Нұртас Бірлікұлы, біз көбіне майдандағы ерлікті айтамыз. Алайда, сол кездегі Қазақстанның «алып арсеналға» айналуы Жеңісті қаншалықты жақындатты? Егер Қазақстанның ресурстары (мыс, қорғасын, астық) болмағанда, соғыс тарихы басқа арнаға бұрылуы мүмкін бе еді? Әңгімені әуелі осыдан бастасақ…**

– Екінші дүниежүзілік соғыс 1939 жылдың 1 тамызында гитлерлік Германияның Польша мемлекетіне шабуылынан басталып, 1945 жылы 2 қыркүйекте Жапонияның сөзсіз тізе бүгу жөніндегі келісімге қол қоюымен аяқталды. Осы күнге дейін Екінші дүниежүзілік соғыстағы адам шығынының толық есебі шыққан жоқ. Тек ресми түрде шамалап 50 миллион адам шығыны деп қана есептеледі. Тарихшыларға ғана аян соғыстың қатал шындығы бар. Ол – майдан шебінде бораған оқ пен оттың ортасында қалып, күл-талқаны шығып, отқа оранып жатқан қалалардың жертөлелері мен далада қалған әйелдер мен жас балалардың тағдыры... Тіпті, олар ешбір ресми санаққа да ілінбей жатады. Осы қасіреттің бәрін санатқа алғанда, әртүрлі тоталитарлық идеологиялар мен біржақты қасаң саяси көзқарастардың кесірінен басталған Екінші дүниежүзілік соғыстағы адам шығыны 70-80 миллионның үстіне шығады. 1941 жылы 22 маусымда гитлерлік Германияның КСРО-ға шабуыл жасауынан бастап, Екінші дүниежүзілік соғыстың Шығыс майданы басталды. Қазақстан КСРО-ның құрамдас бөлігі ретінде тікелей қатысты. Сол кездегі уақыт мөлшерімен бағаланғанда Қазақстан халқының саны 6,2 миллионға жеткен, индустриялық қарқыны жоғары, едәуір дамыған өндірістік қуаты бар, сирек кездесетін орасан зор табиғи қазба-байлығы бар ел болды. Соғыс басталған кезде Совет Армиясының қатарында 178 мың қазақстандық әскер қызметте болды. Төрт жылға созылған қанды майданға 1 196 164 қазақстандық азамат аттанды. Сонда барлығы 1 374 164 қазақстандық қолына қару алып, қанды соғысқа қатысқан. Ал, Ұлы Жеңісті жақындатуға өлшеусіз үлес қосқан «Еңбек армиясының» қатарында 700 мыңнан астам адам болды. Мыңдаған қазақтар адам төзгісіз қара жұмыстар атқарды. Олар Сібірдің 30-40 градус аязды қыстарында, Магнитогорск, Свердловск, т.б. қалаларында Челябинск, Кузбасс шахталарында ең ауыр жұмыстарды атқарды. Орал тауларының зауыттарында Сібірдің тайгасында қазақтар адам баласы төзбейтін ең ауыр жұмыстарға жегілді. «Еңбек армиясында» қазақтардың жағдайы өте ауыр болғаны соншалықты, аштықтан, суықтан, жұқпалы аурулардан, шамадан тыс еңбек нормасын орындаудың салдарынан адамдар баудай қырылды. Тек 1943 жылдың аяғында ғана Қазақ республикасы еңбек армиясы жұмысшыларына назар аударған. Соғыс кезеңі тарихында «Еңбек армиясының» қатарында болған қазақтардың тәлкекке ұшыраған тағдырлары күні бүгінге дейін «ақтаңдақ» болып, зерттелмей қалғанын айтуымыз керек. «Еңбек армиясының» қатарында болған адам тағдыры жөнінде кейін Оралхан Бөкей шығармасында тұспалдап жазылған. Кейін мен кәсіби тарихшы ретінде Оралхан Бөкейдің шығармасын оқып, «еңбек армиясының» ауыр тарихи шындығының өте құпия беттерін түсіндім. Майданның қуатты арсеналы болған «Еңбек армиясының» қатарында болғандардың ерен еңбегінің арқасында соғыс экономикасы толық құрылып, Кеңес Одағы жеңіске жетті. Ұлы Отан соғысы жылдарында Қазақстанға 460 зауыт-фабрика мен ірі өнеркәсіп орындары эвакуацияланды. Олар тез арада қалыпқа келтіріліп, бірден өндіріске қосылды. Әсіресе, электр станцияларының қуаты артты. Әскери-соғыс өндірісінің аса зор қарқынмен дамығаны соншалықты Қазақстан Кеңес Одағының бірден-бір қуатты өндіріс пен металлургия, шикізат базасына айналып, жауға атылған он оқтың тоғызын шығарған ел болды. Қарағанды шахталарында 34 млн тонна көмір өндірді. Қарағандының Горбачев шахтасының шахтері Ыбырай Нұровтың бір өзі соғыстың үш жылында 16 мың тонна көмір қазып шығарған. Ал, ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің майданға көмек ретінде берген астығы мен нан өнімдерінің, киім-кешегінің есебі жоқ.

**– Қазіргі таңда Екінші дүниежүзілік соғыс тарихын әр ел өз мүддесіне қарай «қайта жазуға» тырысып жатқан секілді. Осы ақпараттық ағымда біздің ұлттық мүддеміз бен қазақстандық жауынгерлердің шынайы бейнесін қалай сақтап қаламыз?**

– Қазір әлемдік тарихта осы жеңістің бағасын түсіруге тырысқандардың бәсі жоғарылап барады. Соғыстан кейін әлем екі лагерьге: социалистік және капиталистік елдер деп бөлінді. Соған сәйкес әр жүйеде тарихты өздерінің идеологиясымен, өздерінің мемлекеттік саясатымен, ұлттық құндылықтарымен жазып, ұрпақ тәрбиеледі. Әрбір алпауыт мемлекет әлемдік саясатта өзін басты саяси ойыншы, жеңімпаз ел, батыр, ержүрек халық ретінде көрсетеді. Бұл тарихтың заңды үдерісі. Тәуелсіздік жылдарында елімізге демократия мен адамның бас бостандығы мен еркіндігін бағалау жолға қойылды. Біз де еліміздің өткен тарихының ақтаңдақтарын қайта жазып, тарихи әділеттілікті қалпына келтіріп жатырмыз. Соғыс жылдарында Қазақстанда 14 атқыштар дивизиясы, 4 атты әскер дивизиясы, 7 атқыштар бригадасы, 50-ге жуық жеке полктер мен әртүрлі әскери құрамалар жасақталды. Әрине, адам шығыны да орасан болды. Әрбір қазақ жауынгері қайтпас қайсарлықтың үлгісін көрсетті. Мысалы, неміс әскері қазан айының 20 күні Батыс майданның шебін бұзып өтіп, Мәскеу түбінен бірақ шыққанда Алматыдан генерал И.Панфилов басқарған 316 атқыштар дивизиясы келіп жетті. Волоколамск тасжолы тікелей Мәскеуге кіретін. Осы стратегиялық қорғаныс шебі 16-шы Армияға тиесілі болды. 16-шы Армияның қорғаныс шебі 100 шақырымға созылып жатса, соның 44 шақырымын қазақстандық 316 атқыштар дивизиясы қорғады. Бауыржан Момышұлының көзсіз ерлігі мен шексіз әскери тактикалық қабілеті осы Мәскеу шайқасында дүние жүзіне әлі де әйгілі болып отыр. Аталарымыздың өшпес ерлігін еш уақытта ұмытуға да, оспадарлықпен кемсітуге де болмайды. Қазір әлеуметтік желі мен жазармандардың Ұлы Отан соғысында әлемді фашизмнен қорғап қалған аға ұрпақтың қадір-қасиетін барынша мұқатуға тырысқан жазбаларын оқып та, арзан әзіл-сықақтармен қасиетті сахнаны былғап жүрген сайқымазақтардың қойылымдарынан «сол кезде жеңіліп қалсақ, ғажайыпта өмір сүруші едік» дегендерін көріп те жүрмін. Ол да болмай қоймайтын келеңсіз жағдай. Бірақ, шындық ешқашан құнын жоғалтпайды. Себебі тарих – қатал ұстаз.

**– Біз Бауыржан Момышұлы, Әлия мен Мәншүк есімдерін жатқа білеміз. Бірақ, архивтер ашылған сайын есімі ескерусіз қалған жаңа тұлғалар шығып жатыр. Тарихшы ретінде айтыңызшы, біз әлі толық танып үлгермеген белгісіз батырлар мен олардың ерліктеріне қатысты соңғы жылдары қандай тың деректер табылды?**

– Дұрыс айтасыз, соғыс жылдарында ерлікпен шайқасып қаза тапқан немесе ерекше қаһармандық пен батырлықтың үлгісін көрсетіп, ерлігі бағаланбай қалған мыңдаған қазақ жауынгерлері бар. Оның ішінде, сол кездегі коммунистік жүйедегі Кеңес Одағының саяси-идеологиялық саясатына байланысты өз дәрежесінде бағаланбаған. Кеңес Одағы Батыры атағына ұсынылса да, қазақ екендігіне немесе 1937-1938 жылдардағы сталиндік тоталитарлық қуғын-сүргін саясатынан жазықсыз жазаланғандардың ұрпақтары мен туыстары болғаны үшін де лайықты дәрежеде бағаланбай қалғандары бар. Атақты мерген Тілеуғали Әбдібеков винтовкасымен 397 гитлершілді жайратып, жоғары әскери шеберлік, батырлық пен ерлік көрсетсе, Ыбырайым Сүлейменов 280 фашист солдатын, мерген Төлеуғали Шыныбековтің дәл атқан оғынан 170 фашист солдатының көзі жойылған. Міне, осы құралайды көзге атып, бір өздері бір батальон мен бір ротаның құрамын жойып жіберіп, сонымен қоса арнайы жауынгерлер дайындап, оқытып шығарған, өшпес ерлік пен ерекше батырлық көрсеткен қазақ жауынгерлері саяси себептер мен бюрократияның кесірінен Совет Одағының Батыры атағына ұсынылса да, тиісті дәрежеде құрметтелмеді. Тіпті, Мәншүк Мәметованың Невель қаласын қорғау жолындағы ерлігі де ескерусіз қала жаздаған. Қантөгіс ұрыста 3 пулеметті қатар қойып, дүркіндетіп ентелеп келе жатқан жау әскеріне оқ жаудырып, ерлікпен қаза тапқан қазақ қызы Мәншүк Мәметованың есімін Кеңес Одағы Батыры атағынан сызып тастап жатқан жерінде сол кезде Армияның Саяси Басқармасының аға офицері Кеңес Одағының Батыры Мәлік Ғабдуллин көріп қалып, қайтадан батыр атағына мәжбүрлікпен ұсындырған. Қазақтар осыншама ерлікпен шайқасып, жау жүректіліктің асқан үлгісі мен қолбасшылық қабілет пен әскер тактикалық шебердің үлгісін көрсетсе де, неге ерліктері бағаланбай қалған деген сұрақтың жауабын біз осылайша береміз. Ал, Берлинге тіке шабуылмен кіріп, Рейхстагқа тұңғыш Жеңіс туын тіккен Рақымжан Қошқарбаев, 4 рет арнайы мақсатпен жау тылына парашютпен түсіп полк, бригада деңгейіндегі ірі әскери партизан құрамаларын құрған Қасым Қайсенов, ерлігі мәңгі қалған гвардиялық дивизия командирі болып соғысты аяқтаған Бауыржан Момышұлына да батырлық атақтарын бермеді. Тіпті, Бауыржан Момышұлына Бас Штаб Академиясын бітірген тұңғыш қазақ бола тұра өзіне тиесілі генералдық атағын қиянатпен бермеді. Жыл өткен сайын Ұлы Отан соғысының қатпарлы құпиялары ашыла бермек.

**– Соғыс тек жеңіс емес, ол – үлкен трагедия. Сол кезеңдегі демографиялық шығын мен соғыстан кейінгі әкесіз қалған ұрпақтың қалыптасуы қазақ қоғамының психологиясына қалай әсер етті? Бұл жараның ізі бүгінгі буынның болмысында бар ма?**

– Ер-азаматтарын майданға кеткен асыл аналарымыздың ауыр тағдыры мен әкесіз өскен жас ұрпақтың көрген бейнеті мен ауыртпашылығы ХХ ғасырдағы қазақ қоғамының ең үлкен трагедиясы. 1940-1950 жылдары қазақ қоғамының тұтас буынына «әкесіз өскен соғыс ұрпақтарының қасіретті ғұмыры» деген кезеңді беруге болады. Соғыста 620 мың қазақстандық жауынгер қаза тапты. Мұның демографиялық зардабы орасан зор ауыр болды. Менің өзім тікелей зерттеп оқыған мына дерек үнемі ойымда жүреді. Туып-өскен Егіндібұлақ ауданынан 1941-1945 жылдары майданға 1600 жауынгер аттаныпты. Соның 1200-дейі тікелей соғысқа қатысқан. Қаза тапқаны 758 жауынгер. Сонда соғысқа қатысқан қазақстандық жауынгерлердің шығыны шамамен – 60-65 %. Немістің солдаты «бір танкінің шынжырында мың солдаттың тағдыры шыр айналады», – деген. Соғыс қазақ халқының демографиялық өсімін кемінде 40-50 жылға кейін шегеріп жіберген. Бұл нақты тарихи дәлел болады. Мұқағали Мақатаевтың:

«Өмір жайлы сұрай берме сен менен,
Өмірді мен әлі зерттеп көрмеп ем.
Өмір жайлы білгің келсе, қартқа бар,
Қан майданнан жалғыз ұлы келмеген.
Жесір келін, бір нәресте көрмеген,
Жетім шалды бала орнына тербеген,
Өмір жайлы не түсінем мен деген...
Өмір жайлы сұрай берме сен менен»,

– деген өлеңінен сұм соғыстың кесірінен қайғының тұңғиығына батып кеткен қазақ қоғамының ауыр тағдырын, психологиялық соққысынан жан-дүниесі жараланған қасіретті буынның күнделікті өмірін көреміз. Бірақ қанша тағдырдың ауыр соққылары болып жатса да, қазақ әйелінің рухы биік, жаны сірі болды. Ана деген қасиетті атқа адал болып, ұрпақтарын тұмсықтыға шоқыттырмай тәрбиелеп өсірді. Соғыстан кейінгі жылдарда колхоздың құлдық өміріне бергісіз ауыр еңбегінде жүрсе де, балаларын оқытуға, білім алуларына барын салды. Адал ұрпақ тәрбиелеп, қазақ ұлтының сапалы буынын өсіріп шығарды. Рухы мен тарихи жадысы, мәдени коды адамгершілікпен суарылған осы «әкесіз буын» кейін еліміздің экономикасы мен өркендеуі жолында жанкешті еңбек жасады.

Менің есімде мына бір ой үнемі мазалап жүреді: «Белгісіз қазақ жауынгері» ескерткішін ашып, рухтарын тағзым жасап отыру – біздің парызымыз. Асыл жарларын соғысқа аттандырып, тылда қалған аналарымыздың, балалары соғысқа кетіп, бір хабар ала алмай ғұмыр бойы күтіп өткен ата-аналар мен жас балалардың ауыр тағдырларының алдында ұрпақтың да, мемлекеттің де міндеті болуы керек.

**– Бүгінгі ұрпақ үшін 9 мамыр, шын мәнінде, тағзым күні ме? Бұл датаны идеологиялық құралдан арылтып, таза тарихи сабақ ретінде жастардың санасына қалай сіңіруге болады?**

– 9 мамыр – Жеңіс күні әлемді фашистік режимнен құтқарған аға ұрпақ рухына тағзым мен құрмет күні ретінде ерекше маңызы бар мемлекеттік дата.

Мен тарихшы ретінде айналамда, қалада болып жатқан жаңалықтарға сергектік танытып, байқап отыруды әдетке айналдырғам. Осыдан 10-15 жыл бұрын тура 9 мамыр күні көшеде «Спасибо деду за победу!», «За Берлин!» деген қазіргі саяси идеология мен патриоттық тәрбиеге жат, кереғар пиғылдағы ұрандар жазып алған автокөліктерді көре бастадым. Біздің мемлекеттің адамдары да емес сияқты көрінді. Немесе үкіметтік емес қоғамдық ұйымдар тарапынан бір күндік қаржыландырып, желөкпе жастарды көшеге алып шыққандар ма деп ойладым. Биыл да көрініп қалулары ғажап емес.

Бұл күнді ата-бабаларымыздың ерлік рухын дәріптеп, жас ұрпақты бойына адамгершілік қасиетін сіңіретін адал азамат болуға тәрбиелейтін тағзым күні ретінде атап өтіп отыру керек.

**– Жүйелі ой, зерделі көзқарасыңызға көп рақмет!**

Әңгімелескен
**Қасымхан БҮРКІТҰЛЫ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

*Сурет кейіпкердің жеке мұрағатынан*

● ІШТЕ ПІКІР ӨЛГЕНШЕ...

# Рухани бағдар

**Көшеде құлаққап киіп, телефонына үңілген жасөспірім Нұркен Әбдіров даңғылымен асығып барады. Көзін көкке тіккен жас ұшқыш ескерткішінің жанынан күн сайын мыңдаған адам өте шығады. Біреу жұмысқа, біреу оқуға асығуда. Такси шақырғанда да «Нұркенге дейін», «Мамыраевқа барайық» деп жатамыз. Үйреншікті сөз тіркесі, күнделікті бағыт, смартфон навигаторындағы нүкте ғана... Ал, дәл сол мезетте тас тұғырдағы батырлар бізге үнсіз қарап тұрғандай.**

**Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Қаланың да адам секілді өз жады бар. Бірақ, ол тарихты тек тас ескерткіштердің үнсіз тұғырында, көше атаулары мен мектеп маңдайшаларында сақтауға мәжбүр. Нұркен Әбдіров даңғылы, Мартбек Мамыраев атындағы әскери-техникалық мектеп, Қазыбек Нұржанов атындағы гимназия, Бауыржан Момышұлы атындағы мектеп. Жалаң мекенжай емес, ұрпаққа қалдырылған ұлы аманат.

Архив парақтарын ақтарсақ, көз алдыңа тізілген сандар келеді. Қан майданда 25 583 жерлесіміз қаза тапты. 9 399 адам із-түссіз жоғалды. Олардың сүйегі қай топырақта қалғаны, соңғы демі қай окопта үзілгені беймәлім. Тоғыз мыңнан астам отбасы үміт пен күдіктің ортасында өмір сүрді.

Дегенмен, бұл топырақ қайтпас қайсар тұлғаларды да тұғырға қондырды. Кеудесін оққа тосқан 33 жерлесіміз Кеңес Одағының Батыры атанды, ал, 9 азамат «Даңқ» орденінің толық иегері болды.

Олар Мәскеу мен Ленинградты қорғады, Сталинградтың отына жанбады, Курск доғасында сынбады, Батыс Европаны азат етті. Сол 33 батырдың бірі – отқа оранған ұшағын жау танкілеріне бағыттаған жиырма жастағы Нұркен Әбдіров. Сырласуға үлгермеген, сүйіп үлгермеген, бірақ, Отанын қорғап үлгерген жас ғұмыр. Немесе жаудың пулемет нүктесін кеудесімен жапқан Қазыбек Нұржанов. Олардың әрқайсысының соңында жазылмай қалған хаттар мен орындалмаған армандар жатыр. Сондықтан, олардың есімі берілген көшелерді рухтың, ерліктің, тіпті, керек десеңіз, бүгінгі бейбіт күннің бағасы өлшенетін қасиетті мекен деп танысақ игі.

Қаһармандардың есімін ұлықтау тек астатөк жиынмен, бір күндік науқанмен немесе жылтыраған ескерткіш тақтамен шектелмеуі тиіс. Нағыз тағзым – сол қайтпас рухты бүгінгі жастардың бойына сіңіру. Осы тұрғыда Қарағандыдағы Мартбек Мамыраев атындағы әскери-техникалық мектептің жұмысы көпке үлгі. 1982 жылдан бері батырдың есімін еншілеген бұл оқу орны – жай ғана қабырға емес, мінез бен тәртіптің, отаншылдықтың ұстаханасы.

Жақында ғана осы сөзіміздің айқын дәлелі ретінде ерекше іс-шара өтті. «Qarmet» АҚ қолдауымен ұйымдастырылған эстафетаға М.Мамыраев атындағы мектеп-интернат оқушылары, курсанттар мен кәсіби марафоншылар қатысып, батырдың туған ауылы – Ақжолға дейін жүгіріп өтті.

– Батырдың есімін мектептің иеленуі – зор жүк әрі жауапкершілік. Сондықтан, бұл есім – біздегі тәрбиенің күретамыры. Жақында Ақжол ауылына дейін ұйымдастырылған эстафетада жас буыннан ескерткішке тағзым еткен сәтте олардың жанарынан басқа ұшқынды көрдік. Тарихты жаттап қана қоймай, оны өз теріңмен, өз табандылығыңмен сезінгенге не жетсін?! Біздің басты мақсатымыз да осы – жалаң сөзбен емес, нақты іспен отаншыл ұрпақ тәрбиелеу, – дейді әскери-техникалық мектептің тәрбиешісі Жанна Серікқызы.

Ал, Бауыржан Момышұлы, Қазыбек Нұржанов, Талғат Бигелдинов сынды алыптардың есімін алған басқа да білім ошақтары ше? Бұл мектептерде құрғақ өмірбаян жатталмай, қайсарлық пен азаматтық ұстаным қалыптасуы шарт.

Тарихшы мұғалім Балқан Сағатовтың айтуынша, батырлар есімін ұлықтау үшін қазіргі қала кеңістігіне жаңаша танымдық құралдар қажет.

– Бүгінгі бала ақпаратты кітаптан ғана емес, ең алдымен, көз алдындағы ортадан, телефоннан, қысқа әрі нақты визуалды деректен қабылдайды. Сондықтан, батырлар аты берілген көшелердің бойында қысқаша анықтама, архивтік сурет, QR-код болса, оның әсері әлдеқайда жоғары болар еді. Мысалы,




оқушы Нұркен Әбдіров даңғылымен жүріп бара жатып, телефон арқылы батырдың өмір жолын, ерлігін, фотосуреттерін көре алса, бұл – тірі тарих. Сол сияқты мектептер мен ескерткіштерді біріктіретін «Ерлік маршруты» жасалса, патриоттық тәрбие бір күндік шара емес, жүйелі жұмысқа айналар еді, – дейді ол.

Оның пікірінше, мұндай бастама тек мереке қарсаңында ғана қолға алынбай, жыл бойы жалғасатын танымдық бағытқа айналуы тиіс. Әр нысанның жанындағы қысқаша мәлімет, архивтік сурет немесе QR-код көше атауын жай мекенжай емес, шағын тарихи сабаққа айналдырар еді. Смартфоннан көз алмайтын бүгінгі ұрпақ үшін бұл – өткенді бүгінгі тілмен түсіндірудің тиімді жолы.

Тағы бір маңызды ұсыныс – оқушыларға арналған арнайы «Ерлік маршрутын» жасау. Батырлар есімі берілген мектептер, колледждер, көшелер мен ескерткіштер бір бағытқа біріктірілсе, жас буын қаланың өз ішінен-ақ үлкен тарихты тани алар еді. Бұл жыл бойы жалғасатын тәрбие жұмысына ұласар еді. Өйткені, ерлік тарихы тек музей сөресінде сақталатын жәдігер емес. Ерлік – жас ұрпақтың санасында өмір сүруі тиіс рухани бағдар.

*Суреттер Мартбек Мамыраев атындағы әскери-техникалық мектебінен*

• ЛЕБІЗ

# Президенттің құттықтауы табысталды

**Осакаровка кентінде тұратын Ұлы Отан соғысының ардагері Анна Никаноровна Котоваға Жеңіс күні қарсаңында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың атынан құттықтау хат табысталды.**



*Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,*
«Ortalyq Qazaqstan»

Президент құттықтауында майдангерлердің бейбіт өмір мен азаттық жолындағы жанқияр ерлігі ерекше атап өтілген.

«Сіздің өмір жолыңыз өскелең ұрпақ үшін шынайы патриотизмнің үлгісі болып табылады. Халқымыз майдангерлер мен тыл еңбеккерлерінің теңдессіз ерлігін әрдайым құрметтейді» делінген хатта. Бұл – соғыс ардагерлеріне деген мемлекет құрметінің айқын көрінісі.

Анна Никаноровна – тағдыр сынына мойымаған қайсар жанның бірі. Ол небәрі 18 жасында, 1943 жылы 2-ші Украина майданына аттанып, медбикелердің қысқаша курсын аяқтаған соң жараланған сарбаздарға көмек көрсетті. Майдан даласында жүздеген жауынгердің өмірін сақтап қалуға атсалысқан ардагер Жеңісті Венгрия жерінде қарсы алған. Оның ерлігі мен еңбегі II дәрежелі Отан соғысы орденімен және бірнеше медальдармен бағаланған.

Соғыстан кейін де Анна Котова ел игілігі жолындағы қызметін жалғастырып, Осакаров ауданының денсаулық сақтау саласында ұзақ жыл еңбек етті. Бүгінде 102 жасқа келген ардагер өзінің өмірлік ұстанымымен, сабырлы болмысымен және рухани жігерімен көпшілікке үлгі болып отыр. Соғыс жылдарындағы естеліктерімен бөлісіп, жастарға бейбіт өмірдің қадірін түсіндіруді азаматтық парызы санайды.

Ардагерлерге құрмет көрсету – ұлт тарихына тағзым ету. Себебі олардың жүріп өткен жолы – бүгінгі бейбіт күннің бағасын ұғындыратын өнеге. Осындай кездесулер арқылы кейінгі буын ерліктің мәнін түсініп, Отанға деген сүйіспеншілікті терең сезінеді.

Жеңіс күні қарсаңында ұйымдастырылған бұл тағылымды кездесу – ардагерлерге деген қамқорлық пен құрметтің жарқын үлгісі. Ел үшін от кешкен жандардың ерлігі ешқашан ұмытылмайды.

*Сурет облыстық мәслихаттан*

# Жеңісті жақындатқан Қарағанды

**(Соңы. Басы 1-бетте)**

Полк жауынгерлері Сталинград шайқасы сияқты шешуші ұрыстарға қатысып, жауынгерлік жолын Братиславаға дейін жеткізді. Бұл полктің тарихы – қарағандылық сарбаздардың батылдығы мен Отан алдындағы адалдығының айқын дәлелі.

Мәскеу түбіндегі шайқаста ерлік көрсеткен атақты 316-атқыштар дивизиясы құрамында көптеген қазақстандықтармен бірге қарағандылық жауынгерлер де болды. Олар жауға қарсы табанды күрес жүргізіп, панфиловшылар ерлігінің бір бөлігіне айналды. Кейін дивизия Иван Панфилов есімімен аталып, панфиловшылардың ерлігі әлемге танылды. Олар елін қорғаудың, қайсар рухтың символына айналды. Қарағанды облысынан шыққан көптеген жауынгерлер майданда ерен ерлік көрсетті.

Өңірден 34 жауынгер Кеңес Одағының Батырлары атанса, 13 адам «Даңқ» орденінің толық кавалері болды. Мыңдаған қарағандылық орден-медальдармен марапатталды. Олардың қатарында Нұркен Әбдіров сынды батырлардың есімі ел жадында мәңгі сақталды. Ол өртенген ұшағын жау техникасына бағыттап, қаһармандықпен қаза тапты. Бұл ерлік – Отан үшін жанын қиюдың биік үлгісі.

Соғыс жылдарындағы ауыртпалық балалар тағдырына да әсер етті. Көптеген жасөспірім мектеп партасынан бірден еңбек майданына араласты. Олар егіс алқаптарында жұмыс істеп, зауыттарда үлкендердің орнын басты. Соғыс ұрлаған балалық шақ – тарихтың ең қасіретті беттерінің бірі. Бүгінде Жеңіс күні қарсаңында батырларды еске алу шаралары ұйымдастырылып, ескерткіштерге гүл шоқтары қойылады. Бұл – өткенге тағзым ғана емес, кейінгі ұрпаққа тағылым беру. Өйткені, тарихын құрметтеген елдің рухы әрқашан биік болады.

Соғыс жылдары Қарағанды өңіріндегі мәдениет қайраткерлері мен өнер адамдары да майдан рухын көтеруге белсенді атсалысты. Театр әртістері мен концерттік бригадалар госпитальдарда және өндіріс орындарында өнер көрсетіп, сарбаздар мен еңбеккерлерге рухани қолдау білдірді. Газет редакциялары мен радиохабарлар халықты бірлікке, төзімділікке шақырып отырды. Сол кезеңдегі патриоттық өлеңдер мен мақалалар елдің рухын көтеріп, Жеңіске деген сенімді нығайтты.

Соғыс аяқталғаннан кейін Қарағандыға оралған жауынгерлер елді қалпына келтіру жұмыстарына белсене араласты. Майданнан аман келген азаматтар шахталарда, зауыттарда еңбек етіп, өңірдің дамуына үлес қосты. Алайда, соғыстың жарасы халық жадында ұзақ сақталды. Майданнан оралмаған боздақтардың есімі ескерткіштерге қашалып, олардың ерлігі ұрпаққа өнеге болып қалды. Бүгінде Қарағанды облысындағы көптеген көшелер мен білім ошақтарына батырлардың есімі берілуі – сол ерлікке деген құрметтің белгісі.

Қазіргі бейбіт өмір – сол бір сұрапыл жылдары жанын қиған батырлардың аманаты. Ерлік ешқашан ұмытылмайды. Батырлардың есімі ел жадында мәңгі сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғаса береді. Өйткені ерлік – елге мұра, ал, сол мұраны сақтау – бүгінгі ұрпақтың қасиетті борышы.

# «Ғалымның хаты өлмейді»



Коллажды жасаған Шынар Адамбекова

**Халық денсаулығы мен аурудың шығу жолдарының құрылымын оқып үйренуде ғалымның жұмыстары: санитарлық көрсеткіштердің талдауына, КСРО-дағы халықтың денсаулығы мен аурудың шығу жолдарының себептерін оқып үйренуге негізделді. Яғни Кеңестік денсаулық сақтау ісі үшін бұл өте маңызды еді. Жалпы ғалымның ғылыми ашулары XX ғасырдың ортасындағы КСРО-дағы статистика мен медицинаның дамуы үшін маңызды дереккөздер болды. 1967 жылы медицина саласының «профессоры» ғылыми атағын абыроймен қорғайды.**

**(Соңы. Басы 1-бетте)**

1933 жылы Кремль ауруханасында тосыннан жары Смағұл өмірден өтеді. Смағұл Сәдуақасовтың өлімі жұмбақ күйінде қала берді. У беріп өлтіруі мүмкін деген болжам бар, себебі Смағұл Сәдуақасов Кеңес үкіметінің сол кезде Қазақстанда жүргізіп жатқан жер-су реформаларына қарсы шыққан болатын. 1937 жылы әкесін Әлихан Нұрмұхамедұлын тұтқындайды. Лизаның әкесін соңғы рет көруі екенін жүрегі сезді ме екен? Әлихан Бөкейханды Бутырка түрмесіне алып кетіп бара жатқанда әкесі қызына «Мені іздеме, ешқайда жүгіріп әуре болма!» – деп бір қоңырау шалуға рұқсат сұрайды. Сондағысы енді қайтып келмейтінін біліп, жалғыз қалып бара жатқан қызы Лизаны тапсыру болатын. Осындай ел басына түскен ауыр жылдарда, бұрынғы Денсаулық Халкомы, сол тұста Дәрігерлер білімін жетілдіру институтының кафедра меңгерушісі Н.Семашко Ұлт көсеміне шынайы адамгершіліктің үлгісін көрсетіп, нағыз азаматтығын танытады. Ол Әлихан Бөкейханды жақсы білетін, құрметтейтін еді және сол бір сұсты да сүреңсіз жылдары Лизаға мейірін төгіп, көп қамқорлық көрсетеді. Алғашқыда лаборанттық қызметке, кейін ғылыми қызметкер қылып орналастырады. Қолында кәмелетке толмаған ұлы Ескендірмен қалған Лиза қызу қызметке кірісіп кетеді. Бұл уақыттарда оның көңілін аулайтын тек қана жұмысы болатын.

Әкесінен еш хабар ала алмай алаңдап жүргенде 1941 жылы соғыс та басталып кетті. Елизавета Әлиханқызы дәрігер болғандықтан алғашқылардың бірі болып, Солтүстік-Батыс майданының госпиталіне қызмет етуге аттанады. Смағұл мен Лизаның ұлы Кенка (Ескендір) өте бойшаң, ірі денелі жігіт болыпты. Үйде жалғыз қалған Ескендір соғыстың алғашқы айларында жасына екі жас қосып жаздырып алып, халық жасағына жазылып, майданға аттанады. Тағдырдың жазуы, соғыстың алғашқы айларында оққа ұшып, қаза табады. Зейнеп Әлиханқызы 1943 жылы «Жауынгерлік еңбегі үшін» медалімен, «Ұлы Отан соғысының екінші дәрежелі орденімен» және 1944 жылдың қазан айында 3-әскери «Қызыл жұлдыз» орденімен марапатталады. Бес жыл бойы майдан даласында болып, соғыстан медицина қызметінің майоры және 3-ші разрядты әскери дәрігер шенімен оралады.

Мәскеуде оны қаңыраған үйі ғана күтіп тұрған еді. Майдан даласында жүргенде Зейнеп Әлиханқызы өзінен әжептәуір үлкен Макс Натанович Клейнманмен танысады. «Халық жауының» қызы деп онымен араласудан сескенетін көршілерінің ортасында өз пәтерінде «жалғыз қаламын ба деп қорқатын едім, сондықтан осы кісіге тұрмысқа шыққан себебім», – деп түсіндіреді кейін бір әңгімесінде.

Зейнеп Әлиханқызы Қазақстандағы бірге туған әкесінің бауырларымен байланысын үзбейді. Әсіресе әкесінің бауыры Әзиханның баласы Райымжанмен (Сырым Бөкейхановтың әкесі) ерекше жақсы қарым-қатынаста болады. Екеуі жиі хат жазысып тұрады. Зейнеп Әлиханқызы өмірден өткенше бұл дәстүр сақталып тұрады. Сондай хаттардың бірі былай басталады: «14.12.1945ж Қымбатты Райымжан! Сенің өтінішіңді мен сол жолы-ақ, сенің бірінші хатыңды алған бетте орындаған болатынмын: өзің консультациядан өтіп, қажеттігін өзің шешсін деп келістім..... Енді өзіңнен екінші хат алған соң мен оларды ықтияттап маған таяу жерде тұратын Академияның өкілінің қолына тапсыруға тырысамын. Не жазуды да білмей отырмын. Шынында да, біздің кездеспегенімізге бірталай уақыт өтіпті, сондықтан біз шешуге тиісті біраз мәселе де жинақталып қалды. Сен менің басымнан өткен басты жағдайды – ұлымның опат болғанын білесің. Бұл деген енді қайтып айықпас қайғы-шер, бірақ, оны да бастан өткеруге мәжбүрміз. Менің екінші күйеуім бар, яғни мен жалғыз емеспін. Соғыс бойы мен майданда болдым, майдандас достар таптым, медаль-ордендер мен майор атағын алдым. Кандидаттық диссертация қорғадым, 1945 жылғы 1 маусымда әскери қызметтен босадым да сол кезден Медицина ғылымы Академиясының бір институтының ғылыми хатшысы болып қызмет атқарамын. Жұмыстан бас алмаймын, зерігуге қол тимейді. Мен өзіме қымбат соншама адамдардан айырылдым, сондықтан өзім бақытты болу үшін күш-қуат іздейтіндей халде емеспін. Мен толассыз іс үстіндемін – жұрт та айтады, өзім де білемін, жұмысты жаман атқармаймын. Келешекте докторлық диссертация болып қалуы ықтимал жұмыс әзірлеп жүрмін. Жалпы тұрмысым жаман емес, бірақ бұл нағыз өмір емес қой, менің барымды жүйе мен соғыс жайпап кетті. Кенемнің қазасы менің нағыз аналық шаттығымды жұлып әкетті ғой, бірақ сол үшін мені кінәлауға бола ма? Мен соның бәріне қайыспай төзе аламын, жұрт, сірә, мен соның бәрін жеп-жеңіл көтереді деп ойлайтын шығар. Саған ғана, бірінші рет іштегі шерімді тарқатып жазып отырмын. Зауқың соққанда хат жазарсың. Мен естерінде қалған адамдардан хабар алсам мерейленіп, көңілім көтеріліп қалар еді. Менің атымнан ұлдарыңның бетінен сүй. Бар жақсылықты тілеймін. Лиза». Хатта баяндағанындай Зейнеп Әлиханқызы әскери қызметтен босаған соң, 1945-1948 жылдар аралығында Н.А.Семашко атындағы БҒЗИ әлеуметтік гигиена және денсаулық сақтау бөлімінің ғылыми хатшысы қызметін атқарады. 1948-1959 жылдары КСРО Денсаулық сақтау министрлігінде медициналық статистика бөлімінің меңгерушісі болады. 1959 жылдан өмірінің соңына дейін Әлеуметтік гигиена ғылыми-зерттеу институтының статистикалық санитария бөлімін басқарады.

Зейнеп Әлиханқызы өзінің ғылыми шығармашылық ғұмырында санитарлық-статистиканың теориясы мен әдіснамасының мәселелерін терең зерттеген ғалым. Медицинада түсік тастау (аборт жасау) және оның әйел ағзасына қауіптігі мен зиянын жан-жақты зерттеп, ғылыми түрде тұжырымдама жасаған алғашқы ғалымдардың бірі. Ғалым КСРО көлемінде медициналық статистика саласы бойынша сұранысқа ие мықты маман болған. Халықтың өсімі, көбеюі және туу көрсеткіші сияқты демографиялық мәселелермен КСРО-ның медицина тарихында тұңғыш рет шұғылданған ғалым болғаны белгілі. Кәсіби, білікті дәрігер ретінде көптеген күрделі, әрі жауапты оталарға қатысып, өзінің шеберлігімен жүздеген науқастардың өмірін сақтап қалған ақ халатты абзал жандардың бірі болады.

Зейнеп Әлиханқызы 1965 жылы «Түсік тастаудың әлеуметтік-гигиеналық мәселелері (Аборт как социально-гигиеническая проблема)» атты докторлық диссертациясын сәтті қорғап, медицина ғылымдарының докторы дәрежесін иеленеді. Осы саланың Одақ бойынша ең мықты мамандарының біріне айналады. Бұл туралы Сырым Бөкейханов «Өткен күнде белгі бар: мемуарлар жинағында»: «Лиза апай медицинадағы статистика жөнінде Кеңес Одағы бойынша көрнекті ғалым болатын, сол себепті ол кісіні диссертация қорғауларына оппонент ретінде бүкіл республикаларға жиі шақыратын», – деп жазады.

Халық денсаулығы мен аурудың шығу жолдарының құрылымын оқып үйренуде ғалымның жұмыстары: санитарлық көрсеткіштердің талдауына, КСРО-дағы халықтың денсаулығы мен аурудың шығу жолдарының себептерін оқып үйренуге негізделді. Яғни Кеңестік денсаулық сақтау ісі үшін бұл өте маңызды еді. Жалпы ғалымның ғылыми ашулары XX ғасырдың ортасындағы КСРО-дағы статистика мен медицинаның дамуы үшін маңызды дереккөздер болды. 1967 жылы медицина саласының «профессоры» ғылыми атағын абыроймен қорғайды. Зейнеп Әлиханқызының 1969 жылы «Отбасын жоспарлаудың әлеуметтік-гигиеналық аспектілерін реттеу» атты, ғылыми маңызы зор монографиясы жарыққа шығады. Ғалым-дәрігердің бұл еңбегі КСРО тарихындағы түсік тастау мәселесіне орай жазылған алғашқы ғылыми еңбек болып саналады. Күні бүгінге дейін Ресейдің медициналық оқу орындарында осы еңбекті басшылыққа алып, оқу процесінде қолданады екен. Түсік тастау мәселесі қазіргі қоғамның да өзекті мәселесі болып қала береді. Бұдан басқа бірнеше ғылыми еңбектері: «Санақ кезіндегі КСРО халықтарының денсаулығын комплексті тексеру» 1970 ж, «Кейбір шетелдердегі ана өлімі және осы көрсеткішті есептеу әдісі», «Туу көрсеткішін шектеу жөніндегі іс-шаралар және оның халықтың өсіміне ықпалы» сияқты өзегін жоймаған, көкейтесті мақалалары ғылымда үлкен сұранысқа ие екенін өмір дәлелдеп отыр. Зейнеп Әлиханқызының медицина ғылымына қосқан орасан зор үлесі тарихи маңызын жоймайтыны анық.

Зейнеп Әлиханқызы айналасына әрқашан да сыйлы болғанға ұқсайды. «Ол кісінің жоғары деңгейдегі адамгершілігі, достарына деген ақ ниеті, адалдығы, жақсылыққа деген ізгі пейілі, қашанда айналасына көмектесіп, демеп жіберуге әзір ынтасы біздің қатал да көбіне сүреңсіз болмысымызда да шын мағынасындағы интеллигенттердің бар екендігіне менің көзімді еріксізден жеткізген болатын», – дейді Сырым Бөкейханов естелігінде. Әкесі Әлиханға тартқан қасиеттерінің бірі оң істі қорғағанда айрықша принципшілдігі, жексұрындармен ешбір мәмілеге келмейтіндігі, қоғамдық жұмыс дегенде тыным таппайтындығы екен. Адал қызмет ету – өмірінің негізгі кредосы болған.

1971 жылдың маусымның 21-інен 22-сіне қараған түні Зейнеп Әлиханқызы өмірден өтеді. Дәрігерлердің білім жетілдіру институтының өкілдері өзі жұмыс істеген институтқа мәйітін апарып, азаматтық жаназасын өткізеді. Жаназасын өткізгенде әріптестері, министрліктің өкілдері, аудан басшылары, партия қайраткерлері, студенттер көп жиналады. Мәйітті кремациялағаннан кейін сауытты Новодевичье зиратындағы қабырғаға орналастырады. Әкесі Әлихан Бөкейхан да, қызы да өздерінің мәңгілік мекенін Отанынан жырақ жерде тапты. Райымжан Бөкейханов естелігінде: «Азаматтық жаназада қайғыдан бүгіліп, егіле жыладым. «Мұнда, Россияда қазақ қызын ақырғы сапарына етжақын адамдарындай шығарып салып жатыр ғой!» – деп қайталай бердім».

**1922 жылы Сталиннің үкімімен Әлихан Бөкейхан Мәскеуге жер аударылады. Әкесі мен бауырының қасында болу үшін, 1922 жылы Мәскеу мемлекеттік университетінің медицина факультетіне ауысады. Университет басшылығы есімін ауыстыруды талап еткен соң, әкесінің келісімімен Зейнеп енді Елизавета Букейханова болып аты-жөнін ауыстырады. 1923 жылдың сәуірінде Лиза мемлекет және қоғам қайраткері, журналист, драматург, Қазақстанда ағарту ісін ұйымдастырушылардың бірі болған Смағұл Сәдуақасовқа тұрмысқа шығады.**

Бұл әрине әлі жетпісінші жылдардың басы. Әлихан Бөкейхан әлі ақталған жоқ. Сондықтан да, Зейнеп Әлиханқызына өз отанында орын жоқ еді.

XXI ғасыр Қазақстан тәуелсіздігін қалпына келтіргеніне 35 жылдың жүзі болыпты. Кеше өз елінің тәуелсіздігі үшін бар өмірін, отбасын, ұрпағын құрбандыққа шалып кеткен, ұлт көсемінің аяулы перзенті Зейнеп Әлиханқызы Сәдуақасованы еске алып, өскелең ұрпаққа ұлықтау азаматтық парызымыз. 8 мамыр Зейнеп Әлиханқызының туған күні, әрі Екінші дүниежүзілік соғыстың ардагері болған тұлғаның жарқын бейнесі әрқашан да есімізде мәңгі сақталады. Тектіден текті туады. Тектілік тұқым қуады. Тектілердің тұяғы, таңдайды құз-қияны. Шын тектілер халқы үшін, қатерге басын қияды. Жақсы жаман деместен, жанына жұртын жияды.

**Кәмшат АБДРАХМАНОВА,**
**Қарағанды медицина университеті Қазақстан тарихы және ӘСП кафедрасының ассистент-профессоры**

# Қаламын қаруға алмастырып...

**Қарағандыдағы қазақ журналистикасының қарашаңырағы – «Орталық Қазақстан» газеті орналасқан Баспасөз үйінің 5-қабатына көтерілсеңіз – оң жақтан «XX ғасырдың 20 редакторы» деп аталып кеткен басылымның өз тарихында бас редактор болған қаламгерлердің фотогалереясы бірден көз тартады. Ал, сол қапталда Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқан Жауынгер журналистердің стенді редакция ұжымының газет тарихы туралы том-том кітап шығарумен қатар өркениетті елдердің үлгісімен ардақты азаматтарының фотосуреттерін іліп қоюы да көрегендік деп білер едік.**






Коллажды жасаған Шынар Адамбекова

**Бастапқыда стендіде 20 адам болған. Кейін облыстық радиода, бізде қызмет еткен Орынбай Аймағамбетов пен майданда көзсіз ерлік көрсетіп, «Өжеттігі үшін» («За отвагу» медалімен), «Қызыл жұлдыз», II дәрежелі Отан соғысы ордендерімен марапатталған тағы бір қаламгеріміз Дәуіт Сәрсембеков қосылды. Бұл кісі туралы әріптесіміз Ермағанбет Лұқпанов мақала жазды.**

Жауынгер журналистерге арналған стенді 1985 жылы «Ұлы Жеңістің 40 жылдығы құрметіне» сол кездегі бас редакторымыз Тілеухан Жүсіповтің тікелей басшылығымен қолға алынған болатын. Ол кезде соғысқа қатысқан біраз ардагерлердің көзі тірі, немесе олармен қатар отырып қалам сермеген азаматтар да бар еді. Сондықтан естеліктер жазып, газет архивінен немесе майдангерлердің отбасынан фотосуреттер жинау үлкен қиын бола қоймаған шығар. Естеліктердің бастамасын қарымды қаламгер Қағазбек Сәденов ағамыз бастаған. Оның 1985 жылғы қаңтар айында газеттің үш нөміріне ұласқан «Жауынгер журналистер» деп аталған жазбалары біз үшін, яғни, газет тарихын жазуды жалғастырушылар үшін баға жетпес азық болғаны сөзсіз. Қағазекең өзіне тән стильмен соғыс басталған уақыт пен соғыстан кейін ұжымның қандай майдангерлермен толықтырылғанын көркем бейнелейді:

«Неміс-фашистері тиіспеу туралы шарт жасаса тұрып, советтік Отанымызға 1941 жылғы 22 июньге қараған түнді жамылып келіп, тұтқиылдан шабуыл жасады. Көп кешікпей облыстық партия комитетінің ұсынысы бойынша Зәріп Қосыбаев екеуміз меншікті тілші болып, ол – Балқашқа, мен – Жезқазғанға аттанып кеттік.

Содан мен редакцияның шақыруымен 1942 жылдың бастапқы кезінде оралдым. Редакцияда төрт-бес-ақ қаламгер Кеңес Үсебаев, Қали Садықов, партия тұрмысы бөлімінің меңгерушісі Мәди Сәрсембаев, әдеби қызметкер Оспанбай Орынтаев және Аллажар Теміржанов қана қалыпты. Жігіттердің көбі: Хамит Қабдиев, Әлихан Сүлейменов, әдеби қызметкерлер Ғалиақпар Мұсағұлов, Айташ Омаров, Төлеу Балмағамбетов, меншікті тілші Зәріп Қосыбаев, тілшілер бөлімінің меңгерушісі Дәуіт Сәрсембеков, тілмаш Мінәж Жармұхамметов, газет шығарушылар Құдыш Сүлейменов, Ғалымқажы Абдуллин, «Қарағанды комсомолы» газетінің редакторы Асқар Смайылов, сол редакцияның секретары Құрманжан Қасымжанов, бөлім меңгерушісі Балпау Сүлейменов майданға жүріп кетіпті. Көбі өздері арыз жазып тіленіп кеткен. Зәріп Қосыбаевтың сылтымасы болатын еді. Әйтсе де разрядты спортшы өз өтініші бойынша аттаныпты. Ақшыл дидарлы болған соң Майдашты құрбылары «ақ Майдаш» деп атап кеткен еді. Редакциядағы құрбылары Дина, Айтжамал, Жәкен, Жәміштер әскери медсестралар даярлайтын оқуға Қарағандының топты қыздарымен бірге Майдашты да пойызға шығарып салған.

Газетшілердің бүгінгі ұрпағы қан майданға аттанған қаламгерлерді әрдайым құрметтеп, еске алып отырды. 2011 жылы газеттің 80 жылдық торқалы тойына арнап шығарған «Орталық Қазақстан – 80 жыл: бұрын, кеше және бүгін» деген анықтамалық кітабымызда соғысқа кетіп, майданнан оралмаған қаламгерлердің біразының өмірбаяндары табылмай тізім ретінде бере салғанбыз. Олар: әдеби қызметкерлер Кәрім Аймағамбетов, Төлеу Балмағамбетов, Ғалиақпар Мұсағұлов және «Қарағанды комсомолы» газетінің редакторы Асқар Смайыловтар болатын. Ол кезде соғыста қаза болып, немесе хабарсыз кеткен адамдар туралы деректер жинау қиямettің қияметі еді. Қазір заман өзгерді. Ресей архивтері ашылып, Интернеттегі «Память народа» сайтынан мақаланы жазу барысында сол азаматтарды іздестірдім. Біраз деректер таптым да.

Кәрім Аймағамбетов аты қалың қазақ үшін қайғы-мұңға толы 106-шы атты әскер дивизиясына тап болған екен. Бұл дивизия 1942 жылы мамыр айында Харьков түбіндегі қиян-кескі ұрыста кеңестік қолбасшылардың стратегиялық қателіктерінен шабуылға шығып, немістердің дайындап жатқан қарсы шабуылына тап болып, қоршауда қалады. Тірі қалғандары шамалы. Сайтта осыдан басқа дерек жоқ. (Дивизия туралы толығырақ ақпарат алу үшін «Новый вестик» газетінде 2025 жылғы 2 сәуірде жарияланған «Дивизия, пропавшая без вести» деген мақаланы қараңыздар).

Төлеу Балмағамбетов 1918 жылы Тельман ауданы Елтай ауылдық кеңесінде дүниеге келген. 1939 жылы әскерге алынады да шешесі Рысжан Балмағамбетоваға 1941 жылы 11 қыркүйекте Солтүстік-Батыс майданда хабар-ошарсыз кетті деген қара қағаз келеді.

Ғалиақпар Мұсағұлов да майданда оққа ұшады. Бірақ ана екеуіндей емес, көмілген жері белгілі. Ол Қарқаралы ауданының Көктас ауылының тумасы. Сталинград үшін шайқастарға қатысып, «Сталинградты қорғағаны үшін» деген медальға ие болады. Кіші лейтенант шеніне жетеді. 1945 жылы 21 наурызда Польшада, Гданск қаласы маңында қаза тауып, Ковал деревнясына жерленеді.

Асқар Смайылов туралы деректер әлі де болса күмәнді. Сайтта тура осындай азамат майданда алған ауыр жарадан 574 госпитальда қайтыс болып, Краснодар өлкесі, Абинская станциясында жерленді делінген. Бірақ оның қай жерде туғаны, қай жерден әскерге шақырылғаны белгісіз. Іздестіруді жалғастыра беруіміз керек.

Қан майданда қаза болған өзге жауынгеріміздің соғысқа дейінгі өмірбаяндық деректерін біз сол кітапта келтіргенбіз. «Қарағанды комсомолы», «Советтік Қарағанды» және Қарқаралы аудандық газеттерінде қызмет еткен Зәріп Қосыбаевтың тағдыры туралы аудандық және облыстық газеттерде талай жазылды. Оның ерлігін командирлері марапат қағазында былай сипаттайды. «В наступающем бою 20.02. 1945 года в районе Прискуле тов Косыбаев, находясь в боевых порядках 1-стрелковой роты в рукопашной схватке с врагами погиб смертью храбрых...» Осы ерлігі үшін I дәрежелі Отан соғысы орденіне ұсынылады. Латвияның Лиепая ауданы Прискуле қаласында жерленген.

Ақмола облысының (сол кездегі) Рузаев ауданы Шұқыркөл ауылында туып, газетімізде әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы міндеттерін атқарған кіші лейтенант Хамит Қабдиев 1944 жылдың 5 қарашасында Венгрияның Чоп қаласын азат ету үшін ұрыста ерлерше қаза табады. Сол ерлігі және үлгілі әскери қызметі үшін қайтыс болған соң I дәрежелі Отан соғысы орденімен марапатталады. Марапат қағазы сайтта сақталған.

Өкінішке орай, Шет ауданы «Ортау» совхозы жерінде туған, газетіміздің мәдениет және насихат бөлімдерін басқарған, көптеген әдеби сын мақала авторы Кәржан Дәукенов туралы сайтта ешқандай дерек жоқ болып шықты. Дегенмен, кітапта жазылғандай, ол 1943 жылы Қара теңіз флотында лейтенант шенінде қызмет етіп, кемесі суға батып, қаза болған. Ал, Шымкент қаласында туып, «Оңтүстік Қазақстан», Алматыда «Түрксіб», «Әдебиет майданы», Балқаш қалалық газет-журналдарын шығарысқан Әлихан Сүлейменовтен соғыстан кейін ешбір хабар болмағандықтан «майданда қаза тапты» деп қате беріппіз. Ресей сайттарын қарай отырып, оның 2-Қиыр Шығыс майданында әскери қызмет атқарғанын, «Тревога-Дабыл» деген әскери газеттің қазақ тіліне аудармашысы болғанын анықтадық. «За боевые заслуги» медалімен наградталған. Интернеттен оның соғыстан кейін «Қазақстан пионері» газеті редакторының орынбасары болып жұмыс істегенін, орыс жазушыларының бірнеше кітаптарын қазақ тіліне аударғанын білдік. 1957 жылы қайтыс болады. Суреті де беріліпті.

Соғыс аяқталар тұста жараланған жауынгер-журналистер біртіндеп редакцияға орала бастайды. Осыны Қағазекең өз естелігінде бір абзацқа сыйғызып, бізге былай жеткізеді:

«Жауынгерлер жеңіспен оралып келіп жатты. Біздің редакция да құлпырды. Майдангер журналистер: газетіміздің шаңырақ көтеру жылдары кезіндегі қызметкері, Польшаны азат етуге де қатысқан, әскери саяси қызметкер Ғалымбек Нәдіров, бұрын Қарқаралы аудандық газетінде редактор болған Тойбек Әбжалелов, өзіміздің Мінәж Жармұхамметов, Құрманжан Қасымжанов, Квантун армиясын талқандасқан Құдыш Сүлейменов, Қиыр Шығыста әскери «Дабыл» газетінің тілшісі Ғалымқажы Абдуллин, байырғы қызметкеріміз, күлдіргі мінезді Айташ Омаров, бұрын басқа газеттерде қызмет атқарып, майданға аттанған, Европаның бірнеше елін фашистерден азат ету ұрыстарына қатысқан, жауынгерлік ордендердің иегері, әскери саяси қызметкер, капитан Өмірзақ Өкішев, Семей газетінде қызмет атқарып жүріп, майданға аттанған Омар Ноғайбаев, алматылық азамат Ғинаят Әбділханов, өзіміздің Егіндібұлақ ауданының комсомолы тәрбиелеген, соғыс жарақатынан айыққан Шарапат Абаев, майдандағы саяси қызметкер, бұрынғы мұғалім, Ульянов ауданының азаматы Ахмедия Әлғожин, Қарағандының белгілі педагогі Қалжан Тұңғышбаев, жас жауынгер, математик Емберген Омаров, Қызыл Ту орденді зеңбірекші, бұрынғы заң қызметкері Тілеубай Нұрмағамбетов, Ленинград майданының жауынгері, ақын Мардан Оспанов, талапты жас жауынгер Файзолла Кендібаев, Ұлы Жеңіс күндері алдында қазіргі ГДР-дің бір селолық мекенінде комендanttық қызмет атқарған, немісше сөйлеп, жаза білетін аға лейтенант, әскери саяси қызметкер, бірнеше жауынгерлік орденінің иегері Мұхаметбек Нұртазин, бұрын темір жол газетінде қызмет еткен майдангер, Совет Одағының Батыры Мәншүк Мәметовамен майданға қатысқан аға лейтенант Шүкіржан Сыздықов, өз газетіміздің бұрынғы қызметкерлерінің бірі – Бүркіт Ысқақов, офицер Махмет Кемелбаев, майдангер ақын, шахтер Орынбай Аймағамбетов, «Киров» крейсерінің кіші офицері Нұрғали Сыздықовтар келіп, редакция коллективін толықсытып жіберді. Қызмет те дүрілдеді. Өз редакциямызда ерте жылдарда қызмет атқарып, кейін басқа салада еңбек етіп жүрген майдангер офицерлер Әлкей Диқанбаев, Пісбек Жұмановтар да қара шаңырағын сыйлап, ауық-ауықта келіп жүретін...».

Осы майдангерлердің фотосуреттері «Жауынгер журналистер» стендіне ілініп, қысқаша өмірбаяндары аталған анықтама кітапқа енгізілді. Редакцияның белді журналистері: Мағауия Сембай, Масғұт Халиоллин, Амантай Сағындықов, Базарбай Мұстафин, Ермағамбет Лұқпанов, Серік Сексенұлы, Сүйіндік Жанысбай, осы жолдар авторы, т.б. соғыс ардагерлеріне арнап суреттеме, очерктер жариялады.

Бастапқыда стендіде 20 адам болған. Кейін облыстық радиода, бізде қызмет еткен Орынбай Аймағамбетов пен майданда көзсіз ерлік көрсетіп, «Өжеттігі үшін» («За отвагу» медалімен), «Қызыл жұлдыз», II дәрежелі Отан соғысы ордендерімен марапатталған тағы бір қаламгеріміз Дәуіт Сәрсембеков қосылды. Бұл кісі туралы әріптесіміз Е.Лұқпанов мақала жазды.

Кейін соғыста ерлікпен қаза тапқан Аманжол Бұқарбаев та бізде 1931-1932 жылдары көмір секторының меңгерушісі болып қызмет еткені анықталды.

Майдангер журналистер қатарына Пісбек Жұмановпен қатар әр жылдары газетіміздің жауапты редакторы қызметін атқарған Бәри Мәзитов (1904-32 жж.) пен Жұмағали Кетіковті де (1937-1939 жж.) қосуға болады. Бәри ақсақал соғыс жылдары Ленинград майданында болып, капитан шенінде «Суворовчы» деген татар тіліндегі әскери газетті шығаруға қатысқан, «Қызыл жұлдыз» орденімен наградталған («Тұңғыш редактор», А.Жанғожин, Е.Лұқпан. Кітапта: «Тоқсан жыл топта толғаған», 2021 ж.). Ал, Ж.Кетіков пен газеттің мерекелік сандарында жазғанымдай Қарсақпай аудандық газетінде редактор, ауатком төрағасының орынбасары болып жүрген жерінен әскерге алынып, саяси қызметкер болған («Жетінші редакторымыздың жүрген жолы», ОҚ, 2.10.2021 ж.).

Міне, сонда алақандай газет редакциясында жұмыс істеген 25 адам Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысып, қаламын қаруға алмастырған екен. Осы мақаланы дайындау барысында жоғарыда аталған марапат қағаздарынан басқа жауынгер журналистердің ордендермен және беделді медальдармен наградтау туралы командирлері толтырған ұсыныстарды да жинап қойдым. Бұл туралы әңгіме бөлек...

**Аман ЖАНҒОЖИН,**
**ардагер журналист,**
**газет тарихын зерттеуші**

СУРЕТТЕРДЕ: редакцияда орнатылған жауынгер журналистер стенді, «Память народа» сайтынан алынған қаламгерлер Әлихан Сүлейменов пен Дәуіт Сәрсембековтің фотосуреттері

## ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

Жеңіс күні қарсаңында Қарағанды облысының Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ерлігі ерекше аталады. Тарихи деректер бойынша, 1941-1945 жылдары Қарағанды аймағынан майданға 60 мыңға жуық адам аттанған. Олардың 25 мыңдайы туған жеріне оралмай, соғыс даласында қаза тапқан.

***

Соғыс жылдары Қарағанды КСРО-ның негізгі көмір базаларының біріне айналды. Қарағанды көмір бассейні майданды үздіксіз отынмен қамтамасыз етіп отырды. Өңір шахтерлері тәулігіне бірнеше ауысыммен еңбек еткен. Сол кезеңде Қарағандыға ондаған өндіріс орындары эвакуацияланып, әскери өнім шығару күшейтілді.

***

Қарағанды облысының тұрғындары майдан қорына 100 миллион сомнан астам қаржы жинаған. Бұл қаражат әскери техника мен қару-жарақ жасауға бағытталған.

***

Соғыс жылдары Қарағанды облысында 52 әскери госпиталь жұмыс істеген. Бұл госпитальдарда жараланған сарбаздар емделіп, қайтадан майданға жіберілген.

***

Тарихшылардың мәліметінше, соғыс жылдары Қарағанды облысында арнайы қоныс аударылғандардың саны 1 миллионнан астам адамға жеткен. 1948 жылғы есеп бойынша облыста 1 170 043 адам тұрғаны көрсетілген. Бұл көрсеткіш өңірдің соғыс кезіндегі стратегиялық және өндірістік маңызын аңғартады.

***

Бүгінде Қарағанды облысы аумағында Ұлы Отан соғысының 6 ардагері тұрады. Жеңіс күні қарсаңында олардың әрқайсысына 5 миллион теңгеден біржолғы әлеуметтік көмек төленді. Өңірдегі 2,1 мыңнан астам тыл еңбеккері мен соғысқа теңестірілген азаматтарға арнайы төлемдер қарастырылған.

***

Биыл Қарағанды облысы бойынша Жеңіс күні қарсаңында ардагерлер мен тыл еңбеккерлеріне әлеуметтік қолдау көрсетілді. Ресми мәліметке сәйкес, өңірде 2029 тыл еңбеккеріне 100 мың теңгеден біржолғы төлем берілген. Концлагерь тұтқындары мен Ленинград қоршауында болған азаматтарға 200 мың теңгеден төленді.

***

Соғыс жылдары Теміртау мен Қарағанды аймағында еңбек еткен шахтерлер тәулігіне 12-14 сағаттан жұмыс істеген. 1942 жылы Қарағанды көмір бассейні бүкіл КСРО бойынша өндірілетін көмірдің шамамен 25 пайызын берген.

***

Өңірден шыққан көптеген жауынгерлер майдан даласында ерен ерлік көрсетті. Қарағанды облысынан 34 жауынгер Кеңес Одағының Батыры атанса, 13 жауынгер – «Даңқ» орденінің толық кавалері. Мыңдаған қарағандылық орден-медальдармен марапатталды.

***

Соғыс жылдарында Қарағанды кеншілері мемлекеттік қорғаныс комитетінің Қызыл туын 6 рет жеңіп алды.

***

Қарағанды көмір бассейні қорғаныс өнеркәсібін жоғары сапалы отынмен үздіксіз қамтамасыз етіп отырды. Жер астында жұмыс істеген лавалардың саны 1941-1945 жылдары 63-тен 158-ге дейін өсті. 19 жаңа шахта мен 3 көмір разрезі іске қосылды. Жалпы 39 шахтада 43 мың адам жұмыс істеді, соның 12 мыңы майданға кеткен шахтерлердің әйелдері, ана-қарындастары, қыздары еді.

# Қара қағаздан кейін келген хат

**Дүниені дүр сілкіндірген екінші дүниежүзілік соғыстың отқа оранған сұрапыл жылдарында «хабарсыз кетті» деген жауынгердің жау тұтқынында болып, Ұлы Жеңістен кейін елге дін аман оралғаны, «қаза тапты» деп, еліне қара қағаз жіберген сарбаздың Жеңіс парадында салтанатты сапта тұрған жағдайлары туралы бұрын да естіген, оқыған боларсыздар... Иә, адамзат тарихындағы алапат соғыстың талай шаңырақты ортасына түсірген қасіреті бір бөлек те, әлгіндей жаңсақ хабарлардың жүздеген жауынгердің тағдырына әр қилы ықпал еткені – мүлде басқа әңгіме.**

**Майдан даласынан шатасып жіберілген қара қағаздың салдарынан «өліп-тірілген» жауынгердің бірі Семейдің Абыралысында туып, өмірінің соңғы жылдарын қазыналы Қарағандыда өткізген майдангер Салықбай (Салих) Исабеков тағдырының белгілі де, беймәлім қырлары мені қатты қызықтырды.**

**Сонымен, лейтенант Салықбай Исабеков кім?**

**Ерсін МҰСАБЕК,**
«Ortalyq Qazaqstan»

## Қытай шекарасындағы қырағы чекист

Осыдан бірер жыл бұрын редакцияға жиі келіп, газетке ыстық ықылас танытып жүретін Баймурзин Бейбіт есімді ағамыз маған қызыл мұқабалы оқушы дәптерін әкеліп:

– Мына дәптер менің қолыма марқұм қайын атамның жеке архивінен ертеректе түсіп еді. Майдангер жазбалары. Асықпай қарап, зерделеп көрерсің. Соңында ұрпақ қалмаған, іздеушісі жоқ ағамыз екен. Ішінде іске жарайтын дүние болса, жарыққа шығарсақ, – деген бұйымтайын жеткізді.

Болашақта жазылар деген жоспармен жинап жүретін құжаттарыма қосып қойдым да, бір қарап шығуға қолым тимеген. Оның үстіне, соңғы екі жылда жүрек дертіне шалдығып, денсаулықтың жайын күйттеп жүргенімде, есімнен шығып та кетіпті. Жақында Бейбіт ағам редакцияға арнайы келіп, қызыл дәптерді есіме салды. Дереу қолға алдым.

Майданда, оқ пен оттың ортасында жүріп жазған жазбаларынан кәдімгідей қанның иісі шығады. Әбден сарғайып, көмескілене бастаған. Қызыл дәптер жалғыз емес еді. Жанында екі-үш жұқа дәптер бар. Біреуінің мұқабасында «Книга протоколов парторганизации 1-батарей III ОИПТД» және «Мемуары л-т Исабеков.С. 1-тетрадь» деген жазулар (суретте) бар. Ал, екінші дәптер қайда? Мүмкін жазылмаған шығар. Бірақ, жазылмауы мүмкін емес. Өйткені, Салықбай Исабеков соғыстан кейінгі жылдары Алматы, Шымкент, Қарағанды қалаларында мұғалім болып қызмет еткен. Кейбір жазбаларына «1977 ж. 7/IV. Караганда» деп қол қойған. Бейбіт ағаның айтуынша, 80-ші жылдардың аяғында өмірден озып, Костенко шахтасы маңындағы қорымға жерленген. Қазір жерленген жерін де дөп басып ешкім көрсете алмайтын көрінеді. Басына ескерткіш белгі де қойылмаса керек.

Тағы бір жұқа дәптерге бала күнінен бірге өскен досы, соғыс кезінде Иранның Мешхед қаласында Кеңес Армиясының Ирандағы тобының құрамында әскери қызметте болған Мұхаммед-Садық Жалғаубайұлы екеуінің бір-біріне жазған хаттарын көшіріп басқан екен. Өйткені, хат түпнұсқасы төте жазумен (араб қарпі) жазылған.

Салықбай досы хат жолдағанда конверттің ішіне таза қағаз салып жіберіп отырған. «Сендерде қағаз қат шығар. Осы жолы екі баспа қағаз жібердім» деген жазған хаттары бар.

Екі достың бір-біріне өлеңмен жазған хаттарын ерекше ықыласпен оқыдым. Хаттар топтамасының алғысөзі ретінде жазған кіріспесінде Салықбай ата: «Бала жастан бірге оқып, бірге өскен құрдасым Мұхаммед-Садық (Садыбай) Жалғаубайұлы екеуміз әскер қатарына бірге шақырылып, екі бөлек майданда болдық. Ол Иранға аттанды. Досымның өлеңмен жазылған хаттарын соғыс жылдарындағы патриоттық поэзияның озық үлгісі ретінде қабылдауға болар. Сондықтан да, кейінгі жастарға өнеге болсын деген мақсатпен кириллица қарпіне аударып, жинақтадым», – деп жазады.

Енді бір дәптеріндегі жазбаларын «Алатаудағы арпалыс» деп атапты.

Жазбада Салықбай Исабековтің 1930 жылы НКВД-ның Алматы облысы, Еңбекшіқазақ аудандық бөлімінде қызмет атқарып, ұжымдастыру кезінде Кеңес билігіне қарсылық танытқан бай-шонжарлармен күресте қырандай қырағылық, арыстандай айбат танытқаны баяндалады.

1930 жылғы 10 қыркүйек күні бұған дейін Қытай шекарасынан есірткі алып өтіп, Алтайдың арғы бетіндегі сыбайластарымен тамыр болып алған Алматы төңірегіндегі бай-манаптардың малын айдап, алтын-күмісін арқалап, шекара аспақ болған жоспарларының жолы кесу үшін ОГПУ-ден арнайы отряд құрылады да, оған чекист Салықбай Исабеков жетекшілік етеді. Алатау алабының байлары өз байлығын қорығанымен қоймай, ел ішінде «Колхоз деген – Кеңес Өкіметінің шоқындыру саясаты. Бәрі ортақ меншікке өтеді. Тіпті, қатындарың да колхоз мүшелеріне ортақ болады», – деген секілді қауесет таратып, кедей-кепшікті де иландырып тастаған. Салықбай басқарған отрядқа тап жауларын құрықтаумен қатар, ауыл-ауылға үгіт-насихат жүргізу жұмыстары да жүктеледі.

Іле Алатауының сай-саласын, атақты Асы жайлауының төңірегін, Сарытау жотасының қойын-қонышын, Кеген, Жіңішке, Тау-Шелек өзендерінің жағасын мекендеген Албан, Суан руларының ауылдары бір-біріне жақын қоныстанған. Халық көп, тығыз орналасқан. Отрядқа жүктелген міндетті жүзеге асыру оңайға соқпайтыны бесенеден белгілі. Байлардың босағасында жүрген жалшыларға дейін Кеңес Өкіметін жақтырмайды.

Мұздай қаруланған Исабеков отряды 12 қыркүйек күні Асы жайлауына тұяқ іліктірді. Ауыл көшіп кетіпті. Бұл төңіректің ой-шұңқырын, тау-тасын жатқа білетін аудандық милиция бөлімінің бастығы Әсет Жантаев:

– Бұл ауыл күн салқындаған бетте төменге көшеді. Сол ежелгі дағдыларымен қоныс аударып кеткен болса, оның жарасы жеңіл. Ал, бай-шонжарлардың азғырумен Қытай шекарасына қарай жылжып кетсе, мәселе – күрделі. Мүмкін, отряд шыққанын естіп, Кіндік асуының орманды сайларына жасырынған болар, – деген болжамын айтты.

**Награда парағында Салықбай Исабековтің ерліктері егжей-тегжейлі жазылған. Мәселен, 1943 жылы 18 ақпанда Курск түбіндегі Солдатское селосын жаудан азат ету кезінде неміс басқыншыларының 4 бірдей жойқын шабуылына тойтарыс беріп, 4 пулемет дзоты, 2 зеңбірек ұясының күлін көкке ұшырғаны және 80 фашистің көзін жойғаны үшін «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапаттауға ұсынылады.**

Содан өзара кеңес құрып, отрядқа жолай ілескен ауыл белсенділерін осы жерден кері қайтарып, Салықбай Исабеков, Әсет Жантаев, милиционер Мұқан Малгелдин және тағы бір жас чекист төртеуі




Кіндік асуын бетке алды. Жантаевтың болжамы жалған болмады. Қатар-қатар, бір-біріне жалғасып жатқан құз-жоталарды асып, Кіндік асуының бөктеріне жеткенде, арасы 200-500 метр болып, 10-15 киіз үйден қоныстанған ауылдар көрінді. Отрядтың әр қадамы, әрбір әрекеті – Салықбай Исабековтің жауапкершілігінде. Мүлт кетуге болмайды. Жауларға сезік тудырмау үшін барлығы да түйе жүн шапан, қысқа бешпент киіп алған. Ат арқасында өткізген шұғыл кеңестің шешімімен Малгелдинді ауылға аттандырды. Тапсырма – ауылда қарулы банданың бар-жоғын біліп келу. Жіберген тыңшылары біршама кешіккен соң, бұлар да сезіктеніп, ауылға жақындады. Шеткі үйдің алдында балта ұстаған Малгелдин тұр. Винтовка мен атынан айырылған. Ауылдағылар Мұқан Малгелдинді алдарқатып, әңгімеге тартады. Сөзінен де, жүріс-тұрысынан сезік тудырмағанымен әккі банда басшылары мұның қолындағы винтовкасынан күдік алады да, қымыз ұсынып, қапысын тауып қаруын тартып алады. Киіз үй ішінде басталған арпалыс кесінде чекист ошақ басындағы балтаны қолына алып, аман қалған екен.

Не керек, сол ауылда тап жауларымен ұзаққа созылған атыс болып, Жантаев оққа ұшады. Бесін ауа басталған атыс қас қарайып, түн ортасына дейін жалғасты. Өліспей-беріспеуге бекінген екі жақтың да оғы таусылар емес. Отряд командирі Салықбай Исабеков жараланса да, Малгелдин екеуі қарсы тараптың серкелерін қолға түсіреді. Бірақ, қайтар жолда Малгелдин жолдан адасып, Еңбекшіқазақ ауданына мүлде басқа жолмен келеді. «Жанындағы серіктеріңді жау қолына тастап кеттің» деген желеумен оны қамап тастаған екен, Исабеков келген соң, Малгелдиннің атыс кезіндегі ерліктерін дәлелдеп, серігін қамаудан босаттырады.

Міне, соғысқа дейін де қару асынып, қатерге басын тіккен қырағы чекистің ерлік жолы осылайша Қытаймен шекаралас Кіндік асуында басталған екен.

## «Кебенек киген келеді»

Қызыл дәптердегі жауынгер жазбаларынан талай сыр аңғаруға болады. Неміс фашистеріне деген кек, туған жерге сағыныш, асқақ рух, темірдей төзім, болаттай беріктік... Жазбалардың әдеби мазмұны әлсіз болғанымен, Екінші дүниежүзілік соғыстың тарихын зерттеушілер үшін таптырмас дерек көзі болар еді. Алайда, бізге аздық еткендей.

Жауынгердің жорық жолынан мол дерек бар. Бізді белгілі жауынгердің Қарағанды топырағындағы беймәлім тағдыры қызықтырды. Айтпақшы, Бейбіт аға Салықбай Исабековтің Қаракесектің Қамбар руынан екенін, Балқантаумен іргелес Абыралының тумасы екенін айтады. Бекең осы төңіректегі Қамбар ұрпақтарынан сұрау салып, ізденген екен. Ешкім елемеді ме, ешқандай нәтиже шыға қоймаған.

Бізге белгілісі сол – Салықбай Исабеков Қарағанды қаласындағы №7 мектеп-интернатта мұғалім болып қызмет атқарған. Оның өзін облыстық мұрағаттан табылған бір ғана құжат арқылы нақтыладық. Қарағанды қаласы, Киров аудандық атқару комитетінің хаттамалары тігілген папкадан «Ұлы Жеңістің 20 жылдығына орай соғыс мүгедектері мен майданда қаза тапқан жауынгерлердің отбасына пәтер беру туралы» шешімінде Салықбай Исабековтің аты-жөні 77-ші болып тұр. Сол жерде жазылған «Ұлы Отан соғысының мүгедегі, №7 мектеп-интернаттың мұғалімі» деген жалаң ақпараттан басқа еш дерек табылмады. Өзіміздің «Орталық Қазақстан» газетінің 1960-1980 жылдардағы тігінділерін де парақтап шығып, ешқандай құнды дерекке кездеспедік.

Бірде-бір фотосы да қалмаған екен. Мына жалғыз фотосуретін «Подвиг народа» сайтынан алып отырмыз.



Хош, жауынгер жазбаларына оралайық...

Салықбай Исабеков майданға 1942 жылы 18 мамыр күні Семей облысы, Мақаншы аудандық әскери комиссариаты арқылы шақырылған. Алатаудағы арпалыста алған жарақаты бар, жүрегі де сыр берген. Мектепте мұғалім болып істейтін және идеологиялық жұмыстарға белсене қатысып жүрген Исабековті аудандық партия комитеті броньмен алып қалмақшы болып әрекет жасаған екен. Әскери комиссариат «Ферғанаға уақытша көшірілген Харьков артиллерия училищесіне жібереміз. Оқуы аяқталған соң, медициналық комиссиядан өтеді. Мынадай денсаулық жағдайымен комиссия міндетті түрде жарамсыз деген шешім қабылдайды. Алты айдан соң қайтып келеді», – деп, алдаусыратып, 20 мамыр күні Ташкент бағытындағы пойызбен шығарып салады.

Сарбаз күнделігінде пойыздың тоқтаған станциялары, әр сәттегі қимастық, Батыстағы жауға деген өшпенділік әсерлі әңгімеленіп, тәптіштей жазылған. Біз оның барлығын ежіктеп, уақыттарыңызды алмай, Воронеж майданына тікелей тартуды жөн көрдік.

Сөйтіп, 1942 жылы 25 қарашада медициналық комиссия сараптамасының қорытындысы бойынша «соғысқа жарамды» деп танылған лейтенант №40 Воронеж майданына қарасты 141-атқыштар дивизиясының 687-полкі құрамында взвод командирі болып майданға кіреді.


Әбзи, Сафура, Зейнеп, Бигайша Курск 24/II 43г.
Нұрғайша, Нағаша апам, Қайша, Зинеп
бәріңе көп сағынышты сәлем. Мен 18/II күні жаралы
болып Курск қаласына госпиталға келдім.
Екі аяғыма миномет ~~оқ~~ оғының шарапнелдары
(осколок) тиіді, бірақ сүйегі аман, кемшілік келтіретін емес, әскерге қайта
жарап кетсем керек, бірақ дем алыс
берсе үйге барып қайтар едім деп пландап
жатырмын. Госпитальдың адресі белгісіз, бәлки
тағы басқа қаладағы госпитальға ауыстырар, өзім
тағы хат жазармын кешікпей.
Аяғым көп ауырмайды, қорықпаңдар
жанашырларға сәлем. Сендерден хат алған
емеспін, себебі ылғи
жүруде болдық. Сәкен

...Жауынгер күнделігінің жазбаларына қарасаңыз, Салықбай ата майданда қару мен қаламды қатар ұстағанына көз жеткізер едіңіз. Сұрапыл соғыстың әр сәті нақты баяндалып, әскери операциялардың ай-күні, тіпті, сағатына дейін жазылған. Лейтенант Исабековтің жорық жолы Дон өзені жағалауындағы Александровка селосынан басталып, Берлинге дейінгі аралықты қамтиды. Украина, Белоруссия, Польша, Чехословакия елдерін жау шеңгелінен азат етуге қатысып, ол басқарған взвод фашистердің бірнеше ауыр соққыларына төтеп берген. Өз жазбаларында құр мақтанға бой алдырмаған лейтенант 1944 жылы 15 қыркүйекте Бас қолбасшының №054 (к) бұйрығымен жауынгерлік «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапатталғанын ғана жазады. Ал, ресейлік «Подвиг народа» сайтында 1945 жылы 17 сәуірде «І дәрежелі Ұлы Отан соғысы» орденімен және әр жылдары жауынгерлік медальдармен марапатталғаны туралы құжаттар сақталған.

Награда парағында Салықбай Исабековтің ерліктері егжей-тегжейлі жазылған. Мәселен, 1943 жылы 18 ақпанда Курск түбіндегі Солдатское селосын жаудан азат ету кезінде неміс басқыншыларының 4 бірдей жойқын шабуылына тойтарыс беріп, 4 пулемет дзоты, 2 зеңбірек ұясының күлін көкке ұшырғаны және 80 фашистің көзін жойғаны үшін «Қызыл Жұлдыз» орденімен марапаттауға ұсынылады. Ал, «І дәрежелі Ұлы Отан соғысы» орденімен марапаттау жөніндегі құжатта жасаған ерліктері ай-күнімен нақты жазылған. Құжатта Салықбай Исабеков 1945 жылғы 18-20 сәуір күндері жаудың 2 зеңбірек, 4 пулемет ұясын талқандап, 50 неміс солдатының көзін жойғандығы, 24-27 сәуір күндері опат болған зеңбірекшінің орнына өзі тұрып, 1 зеңбірек, 5 пулемет ұясын жойып, 80 неміс сарбазын жер жастандырғаны туралы баяндалады.

Салықбай Исабеков 1943 жылы 18 ақпанда Курск түбіндегі шайқаста ауыр жараланады. Дәл жанынан жарылған жау снарядының жарықшағы екі аяғын тізеден төмен зақымдайды. Жаяу әскерге жол ашу тапсырмасы жүктелген оның взводы жанқиярлықпен жау шебін бұзып өтіп, жүздеген неміс жендеттерінің және 2 пулемет дзотының көзін жойып, әскери тапсырманы мүлтіксіз орындайды.

Жаралыларды ұрыс даласынан оқшаулау кезінде Салықбай Исабеков пен қаза тапқан зеңбірекшінің жол дорбасы (вещмешок) ауысып кетіп, лейтенант Исабеков орналасқан госпиталға зеңбірекшінің дорбасы келеді. Ал, қайтыс болған сарбаздың жанындағы дорбада Исабековтің аты-жөні жазылған күнделіктері мен училищеде жазған лекциялары бар дәптерлер болған. Соның салдарынан «Исабеков қаза тапты» деген ақпарат полкке жолданып, одан әрі Семейге қара қағаз жөнелтіледі. Ауылдағы ағайын, әке-шеше, асыл жар қара жамылып, Салықбайдың қырық күндік құдайсын беруге қам жасап жатқанда, майданнан хат келеді. Ағайын-туыс абдырап қалсын. Өң бе, түс пе, белгісіз. Жағдайдың анық-қанығын нақтылауға бүгінгідей «айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алғызған» мүмкіндік жоқ. Бар үміт – хатта көрсетілген ай-күнде. Өйткені, қара қағазда Салықбайдың 18 ақпанда қаза тапқаны жазылған. Ал, хатта «24 ақпан 1943 жыл» деп, тайға таңба басқандай анық көрсетілген. Хаттың түпнұсқасы (суретте) қызыл дәптердің арасынан шықты.

Дала госпиталында май шаммен жасалған ота кезінде жанкешті жауынгердің аяғындағы снаряд жарықшақтарын толық тазалауға мүмкіндік болмайды да, өкшесіне қадалған жарықшақпен қайтадан майдан шебіне аттанады. Таяққа сүйеніп жүріп, зеңбірек атып, Жеңіс күнін 161-ариллериялық полк құрамында Прага қаласында қарсы алады. 1945 жылдың маусым айының ортасына дейін Берлинді толық тазалау операцияларына қатысып, жаз ортасында елге оралған.

Қаза тапқандар тізімен еніп кеткен лейтенант таяққа сүйеніп, Воронеж маңындағы Орталық майдан дивизиясы сапына қайта қосылғанда, штабтағылар «тіріліп» келген Исабековті көріп, шалқаларынан түседі. Бұл «өліп-тірілудің» өзі әлдебір сезік тудырып, біршама уақыт тергеп-тексеруден де өтеді. Бұл кезде алты госпиталь аралап, аяғына әрең тұрған жаужүрек жауынгердің Курск түбіндегі ерен ерлігі «Қызыл Жұлдыз» орденіне ұсынылып, Бас қолбасшы И.Сталиннің арнайы «Алғыс хаты» майдан даласында өз иесін таппай жүрген еді.

...Дана қазақтың «Кебенек киген келеді» деген қанатты қағидасының түп-төркіні қарша борап, жаңбырша жауған оқ пен оттың арасынан аман келген Салықбай сынды һас батырлардың тағдырымен тамырласып жатқандай. Иә, ол батырға тән ерлік жасап, адамға тән адалдықпен ғұмыр кешті. Өзін дәріптемеді, дәріптеуге де құштар болған жоқ. Әйтпесе, «Подвиг народа» сайтынан алынған құжатта 1945 жылдың 17-28 сәуір күндері Исабеков басқарған атқыштар взводы 500-ден астам жау әскерін жер жастандырып, 40-50 пулемет ұясының күлін көкке ұшырғаны нақты жазылған. Мұндай ерлік үшін взвод командирі Кеңес Одағының Батыры атағын алуы керек еді. Алайда...

1943 жылы ақпан айында Курск түбіндегі алапат ұрыс кезінде жаудың 500 ұшағы бір тәулік бойы қаланы бомбалаған. Сол уақытта «Совинформбюро» жаңалықтарынан: «Курск маңында жағдай күрделеніп тұр. Кеше 500-ге жуық жау самолеттері қаланы толассыз бомбалады. 141-атқыштар дивизиясының зеңбірекшілер взводы бір сәтте 67 жау ұшағын атып түсірді» деген ресми ақпарат тараған екен. Бұл взвод лейтенант Исабеков басқаратын батырлар тобы болатын.

**1943 жылы ақпан айында Курск түбіндегі алапат ұрыс кезінде жаудың 500 ұшағы бір тәулік бойы қаланы бомбалаған. Сол уақытта «Совинформбюро» жаңалықтарынан: «Курск маңында жағдай күрделеніп тұр. Кеше 500-ге жуық жау самолеттері қаланы толассыз бомбалады. 141-атқыштар дивизиясының зеңбірекшілер взводы бір сәтте 67 жау ұшағын атып түсірді» деген ресми ақпарат тараған екен. Бұл взвод лейтенант Исабеков басқаратын батырлар тобы болатын.**

***

...Жеңілдеп қалдым. Елеусіз қалған есіл ердің есімін ұрпақ жадында бір жаңғырту мақсатым еді. Ендігі қадам – даңқты жауынгер, ұлағатты ұстаз Салықбай Исабековтің соғыстан кейінгі беймәлім тағдырын зерделеу. «Көзкөргендер қалмады» деуге әлі ертерек. Өткен ғасырдың 80-ші жылдарының соңында ғана өмірден өткен майдангерді білетін, тіпті, бірге қызмет атқарған әріптестері табылып қалар деген үміт жетегінде қалам доғардық.

«Кебенек киген келеді» екен!

*Сурет «Подвиг народа» сайтынан алынды*

● ЕР ЕСІМІ – ЕЛ ЕСІНДЕ



# «Орталықтың» даңқ галереясы












## Иван Кириллович СКРИПНИКОВ



1930 жылы 14 қаңтарда Тюмень облысының Маслоненск ауданында дүниеге келген.

1950 жылы Маслоненск аудандық әскери комиссариатымен әскер қатарына шақырылды.

Батыс Украинада бандалық құрылымдарды жою бойынша жауынгерлік іс-қимылдарға қатысты.

1953 жылы Украинада демобилизацияланды.

II дәрежелі Отан соғысы орденімен марапатталған.

Қарағанды қаласында Ішкі істер министрлігі және Социалистік меншікті талан-таражға салумен күрес бөлімі жүйесінде жұмыс істеді.

1982 жылы зейнеткерлікке шықты.

## Николай Семенович КУРИЛЕНКО



1927 жылы 21 сәуірде Брянск облысында шаруа отбасында дүниеге келген. 1944 жылғы желтоқсанда Кеңес әскері қатарына шақырылды.

Соғыстың аяқталуын Польшада қарсы алды, сол жерде жараланып, көру қабілетінен айырылды.

II дәрежелі Отан соғысы орденімен, «Ерлігі үшін», «Германияны жеңгені үшін» медальдарымен, Қарулы Күштердің және Жеңістің көптеген мерейтойлық медальдарымен марапатталған.

1951 жылы әскерден қайтарылғаннан кейін туған жерінде пойыз кондукторы болып жұмыс істеді, кейіннен шақыру бойынша Қазақстан Магниткасына келіп, энергия шаруашылығында слесарь, шебер және учаске бастығы болып қызмет атқарды.

## Григорий Петрович СТЕПЕНКО



1925 жылы 10 сәуірде Воронеж облысының Нижние Ровинки деревнясында дүниеге келген.

1943 жылы Павлодар облысының Лозов аудандық әскери комиссариатымен Қызыл Армия қатарына шақырылды.

Алғашқы жауынгерлік жолын 2-ші Украина майданында пулеметші ретінде өтті. Курск-Орел доғасындағы шайқастарға, Белгород, Орел, Харьков, Курск, Кенигсберг, Варшава қалаларын азат етуге қатысты. Контузия алған. Днепр өзенінен өту операциясына қатысқан.

Забайкалье майданы 39-шы армиясының 56-шы атқыштар полкі құрамында Қиыр Шығыста жапон әскерлерін талқандауға қатысты.

Марапаттары: II дәрежелі Отан соғысы және II дәрежелі Даңқ ордендерімен, «Ерлігі үшін», «Жауынгерлік еңбегі үшін», «Германияны жеңгені үшін», «Варшаваны азат еткені үшін», «Кенигсбергті алғаны үшін» медальдарымен және көптеген мерейтойлық медальдармен марапатталған.

1951 жылы жолдамамен Қарағанды қаласына келді. «Шахтострой» басқармасының цемент зауытында, теміржол көлігінде жүк тасымалдаудың бас кондукторы болып жұмыс істеді.

1980 жылы зейнеткерлікке шықты.

## Өтелбай ОРЫМБАЕВ



1924 жылы 13 қарашада Целиноград облысы, Алексеевка ауданы, Рамадан ауылында дүниеге келді.

Ұлы Отан соғысына 1942 жылдан қатысқан. Воронеж, Степной, 2-ші Украина фронтында болды.

Майданда үкіметтік жоғары жүйелікті байланыс бөлімшесінің командирі болды.

1947 жылы қазан айында мүгедектігі бойынша әскери қызметтен босатылды. Бейбіт уақыттағы еңбек жолы 1948 жылы Ақмола қаласында байланыс жүйесінде басталды.

Алексеевка қаласында аудандық атқару комитетінде нұсқаушы, Целиноград облысының Шортанды ауданында мемлекеттік қауіпсіздік сақтау органында қызмет атқарды, облыстық жинақ кассалар басқармасының тексерушісі болды. 1969 жылдан 1975 жылға дейін Қарағанды қаласында облыстық атқару комитетінде бас референт, Совет ауданының жинақ кассалар орталығының басшысы, кейінірек облыстың жинақ кассалары басқармасының тексеру бөлімінің бастығы қызметін атқарды. І дәрежелі Отан соғысы орденімен, Жеңіс күніне арналған мерекелік медальдармен марапатталды.

## Анна Никаноровна КОТОВА



1924 жылы 21 қаңтарда Воронеж облысы Михайлов ауданының Голос деревнясында дүниеге келген.

Соғыс басталғанда медбикелер курсына оқуға түсті.

1942 жылы әскери комиссариатқа үшінші рет өз еркімен өтініш білдіргеннен кейін майданға аттанды. 2-ші Украина майданында госпиталь медбикесі болды.

1946 жылы әскерден қайтарылды.

Жауынгерлік марапаттары: II дәрежелі Отан соғысы ордені, «Германияны жеңгені үшін», «Украинаны фашистік басқыншылардан азат еткенге 60 жыл», «Санитарлық қызметтің үздігі» медальдары және мерейтойлық медальдар.

---

Қарағанды облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Көпсалалы облыстық балалар ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны директорының бос лауазымына орналасуға конкурс жариялайды, мекенжайы: Қарағанды қаласы, Шахтеров даңғылы 83, пошталық индексі: 100026, телефон: 8 (7212) 50-50-83,8775 531 36 91.E-mail:Krg.odkb@mail.ru

**Конкурстың барлық қатысушыларына қойылатын жалпы біліктілік талаптары:**

«Денсаулық сақтау» дайындық бағыты бойынша жоғары білім, «денсаулық сақтау менеджменті» («Қоғамдық денсаулық сақтау») мамандығы бойынша сертификаттық курстан (қайта даярлаудан) өткені туралы куәлік және (немесе) тиісті мамандық бойынша біліктілік беру туралы куәлік немесе «денсаулық сақтау» және (немесе) «Бизнес, басқару және құқық» даярлау бағыты бойынша жоғары білім немесе «денсаулық сақтау» және (немесе) «Бизнес және құқық» даярлау бағыты бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім немесе MBA executive немесе fulltime дәрежесі, Денсаулық сақтау, Денсаулық сақтау саласындағы басшылық лауазымдардағы жұмыс өтілі кемінде 3 жыл.

**Білуге тиіс:**

Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі, «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы»; қазіргі заманғы басқару қызметінің стратегиялық және ұйымдастырушылық аспектілері; Денсаулық сақтау ұйымдарының жоспарлы-экономикалық және қаржылық қызметінің негіздері; ұйымның қызметін басқарудың экономикалық әдістері мен талдау; медициналық қызметтер нарығының конъюнктурасы; денсаулық сақтаудағы адам ресурстарын басқарудағы үздік практикалар; халық денсаулығының жай-күйін сипаттайтын Статистика, өлшемдер мен көрсеткіштер; отандық медицинаның қазіргі заманғы ғылыми жетістіктері, денсаулық сақтауды басқарудағы үздік халықаралық тәжірибе; еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өртке қарсы қауіпсіздік жөніндегі қағидалар мен нормаларды; Төтенше жағдайлар кезінде қызметті ұйымдастыру.

**Лауазымдық міндеттері:**

Денсаулық сақтау ұйымының өндірістік, қаржы-шаруашылық қызметіне басшылық жасайды, қабылданатын басқарушылық шешімдерге, ұйым мүлкінің сақталуы мен тиімді пайдаланылуына, сондай-ақ Қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелеріне жауапты болады. Ұйым қызметінің саясатын, стратегиясын және оны іске асыру тетігін айқындайды. Көрсетілетін диагностикалық, емдеу және профилактикалық көмектің тиімділігі мен сапасын одан әрі арттыруға, көрсетілетін қызметтердің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған персонал жұмысының жаңа ұйымдастырушылық нысандары мен әдістерін енгізуді және қолданыстағыларын жетілдіруді қамтамасыз етеді. Ұйымның құрылымдық бөлімшелерінің тиімді өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді, олардың іс-қимылдарын көрсетілетін медициналық қызметтерді дамытуға және жетілдіруге бағыттайды. Ұйымды білікті кадрлармен қамтамасыз ету, олардың кәсіби білімі мен тәжірибесін ұтымды пайдалану, өмір мен денсаулық үшін қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау, ұжымда қолайлы психологиялық атмосфераны қалыптастыру бойынша шаралар қабылдайды. Ұйым қызметін талдау және оның жұмысының көрсеткіштерін бағалау негізінде ұйым жұмысының нысандары мен әдістерін жақсарту бойынша қажетті шараларды қабылдайды. Әлеуметтік әріптестік қағидаттары негізінде ұжымдық шартты әзірлеуді, жасасуды және орындауды, еңбек тәртібін сақтауды қамтамасыз етеді, қызметкерлердің еңбек уәждемесін, бастамасы мен белсенділігін дамытуға ықпал етеді. Санитариялық-эпидемиологиялық жағдайларды зерделеу және бағалау жөніндегі жұмысты үйлестіреді, адам денсаулығына қолайсыз әсер етудің басым факторларын айқындайды. Санитарлық-эпидемиологиялық жағдайды жақсарту бойынша пәрменді шаралар қабылдайды. Гигиеналық және эпидемияға қарсы іс-шаралардың жүргізілуін, санитарлық ережелер мен нормалар мен гигиеналық нормативтердің сақталуын жедел және зертханалық-аспаптық бақылауды және қадағалауды ұйымдастырады. Ұйым қызметінде, оның ішінде қаржы-шаруашылық басқару, шарттық және қаржылық тәртіпті нығайту, әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу мәселелерінде медициналық этика, заңдылық талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді. Қызметкерлерді жұмысқа қабылдауды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады. Жеке және заңды тұлғалармен келісім-шарттар жасайды, мәмілелер жасайды. Өз құзыретіндегі мәселелер бойынша барлық қызметкерлер үшін міндетті өкімдер мен бұйрықтар шығарады. Ұйымды мемлекеттік органдарда, ұйымдарда және сотта мүдделерін білдіреді.

Конкурс Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы № ҚР-ДСМ-58/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы Байқау кеңесі бар шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның атқарушы органының немесе республикалық атқарушы органы басшысының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын басшысының бос лауазымына конкурс өткізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-305/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы мамандықтар мен мамандандырулар номенклатурасын, Денсаулық сақтау қызметкерлері лауазымдарының номенклатурасы мен біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес өткізіледі.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген адам конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімде мынадай құжаттарды ұсынады:

1. Конкурсқа қатысу туралы өтініш;

2. Еркін нысанда жазылған өмірбаян;

3. Білімі туралы құжаттардың көшірмелері;

4. Еңбек кітапшасының (ол болған кезде) немесе еңбек шартының көшірмесі, еңбек шартын қабылдау және тоқтату туралы бұйрықтардың көшірмелері не жұмыс өтілін растайтын басқа да құжат;

**5. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м. а. 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» бұйрығымен бекітілген «медициналық анықтама (дәрігерлік кәсіби-консультациялық қорытынды)»№ 075/е нысаны**

6. ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің соттылығының жоқтығы туралы анықтамасы.

**Конкурсқа келесідей адамдар қатыса алмайды:**

1) он сегіз жастан кіші;

2) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар адам;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайлар.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар Қарағанды облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Көпсалалы облыстық балалар ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны мына мекенжай бойынша ұсынылуы тиіс: Қарағанды қаласы, Шахтеров даңғылы 83, пошталық индексі: 100026, телефон:8 (7212) 50-50-83. 8 775 531 36 91. E-mail:Krg.odkb@mail.ru директордың қабылдау кабинеті. Бұқаралық ақпарат құралдарының басылымдарында конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде.

КГП на ПХВ «Многопрофильная областная детская больница » Управления здравоохранения Карагандинской области объявляет конкурс на занятие вакантной должности директора КГП на ПХВ «Многопрофильная областная детская больница» расположенного по адресу: г.Караганда, пр.Шахтеров 83, почтовый индекс: 100026, телефон: (7212) 50-505-83. 8 775 531 36 91. E-mail: Krg.odkb@mail.ru

**Общие квалификационные требования ко всем участникам конкурса:**

высшее образование по направлению подготовки «Здравоохранение», свидетельство о прохождении сертификационного курса (переподготовки) по специальности, «Менеджмент здравоохранения» («Общественное здравоохранение») и (или) свидетельства о присвоении квалификации по соответствующей специальности или высшее образование по направлению подготовки «Здравоохранение» и (или) «Бизнес, управление и право» или послевузовское образование по направлению подготовки «Здравоохранение» и (или) «Бизнес и право» или степень MBA executive или fulltime, сертификат менеджера в области здравоохранения, стаж работы на руководящих должностях в области здравоохранения не менее 3 лет.

**Должен знать:**

Конституцию Республики Казахстан, Гражданский кодекс Республики Казахстан, Трудовой кодекс Республики Казахстан, Кодекс Республики Казахстан «О здоровье народа и системе здравоохранения», Кодекс Республики Казахстан «Об административных правонарушениях», Закон Республики Казахстан «О государственных закупках», Закон Республики Казахстан «О противодействии коррупции», Закон Республики Казахстан «О языках в Республике Казахстан»; стратегические и организационные аспекты современной управленческой деятельности; основы планово-экономической и финансовой деятельности организаций здравоохранения; экономические методы управления и анализ деятельности организации; конъюнктуру рынка медицинских услуг; лучшие практики в управлении человеческими ресурсами в здравоохранении; статистику, критерии и показатели, характеризующие состояние здоровья населения; современные научные достижения отечественной медицины, лучший международный опыт в управлении здравоохранением; правила и нормы по безопасности и охране труда, производственной санитарии и противопожарной безопасности; организацию деятельности в условиях чрезвычайных ситуаций.

**Должностные обязанности:**

Руководит производственной, финансово-хозяйственной деятельностью организации здравоохранения, несет ответственность за принимаемые управленческие решения, сохранность и эффективное использование имущества организации, а также за результаты финансово-хозяйственные деятельности. Определяет политику, стратегию деятельности организации и механизм ее реализации. Обеспечивает внедрение новых и совершенствование существующих организационных форм и методов работы персонала, направленного на дальнейшее повышение эффективности и качества оказываемой диагностической, лечебной и профилактической помощи, повышение качества и конкурентоспособности оказываемых услуг. Обеспечивает эффективное взаимодействие структурных подразделений организации, направляет их действия на развитие и совершенствование оказываемых медицинских услуг. Несет персональную ответственность за соблюдение антикоррупционного законодательства, и принятию мер по недопущению проявлений коррупции со своей стороны и подчиненных ему лиц. Принимает меры по обеспечению организации квалифицированными кадрами, рациональному использованию их профессиональных знаний и опыта, созданию безопасных для жизни и здоровья условий труда, формированию благоприятной психологической атмосферы в коллективе. На основе анализа деятельности организации и оценки показателей его работы принимает необходимые меры по улучшению форм и методов работы организации. Обеспечивает на основе принципов социального партнерства разработку, заключение и выполнение коллективного договора, соблюдение трудовой дисциплины, способствует развитию трудовой мотивации, инициативы и активности работников. Координирует работу по изучению и оценке санитарно-эпидемиологических ситуаций, определяет приоритетные факторы неблагоприятного воздействия на здоровье человека. Принимает действенные меры по улучшению санитарно-эпидемиологической ситуации. Организует оперативный и лабораторно-инструментальный контроль и надзор за проведением гигиенических и противоэпидемических мероприятий, за соблюдением санитарных правил и норм и гигиенических нормативов. Обеспечивает соблюдение требований медицинской этики, законности в деятельности организации, в том числе в вопросах финансово-хозяйственного управления, укрепления договорной и финансовой дисциплины, регулирования социально-трудовых отношений. Осуществляет прием и увольнение работников. Заключает договора, совершает сделки с физическими и юридическими лицами. Издает по вопросам своей компетенции распоряжения и приказы, обязательные для всех работников. Представляет организацию в государственных органах, организациях и суде.

Конкурс проводится в соответствии с Приказом Министра здравоохранения Республики Казахстан от 27 мая 2020 года № ҚРДСМ-58/2020 «Об утверждении Правил проведения конкурса на вакантную должность руководителя, единолично осуществляющего функции исполнительного органа или руководителя коллегиального исполнительного органа государственного предприятия на праве хозяйственного ведения с наблюдательным советом в области здравоохранения», а также Приказом Министра здравоохранения Республики Казахстан от 21 декабря 2020 года № ҚР ДСМ-305/2020. «Об утверждении номенклатуры специальностей и специализаций в области здравоохранения, номенклатуры и квалификационных характеристик должностей работников здравоохранения».

Лицо, изъявившее желание участвовать в конкурсе, представляет в сроки, указанные в объявлении о проведении конкурса, следующие документы:

1. Заявление об участии в конкурсе;

2. Автобиографию, изложеную в произвольной форме;

3. Копии документов об образовании;

4. Копию трудовой книжки (при ее наличии) или трудового договора, выписки из приказов о приеме и прекращении трудового договора либо другой документ, подтверждающий стаж работы;

**5. Форма № 075/у «Медицинская справка (врачебное профессионально-консультативное заключение)», утвержденной приказом и.о. Министра здравоохранения Республики Казахстан от 30 октября 2020 года № ҚР ДСМ-175/2020 «Об утверждении форм учетной документации в области здравоохранения»**

6. Справку комитета по правовой статистике и специального учета генеральной прокуратуры РК об отсутствии судимости.

**Не могут принимать участие в конкурсе лица:**

1) моложе восемнадцати лет;

2) ранее совершившее коррупционное правонарушение;

3) имеющее непогашенную или не снятую в установленном законодательством Республики Казахстан порядке судимость;

4) иные случаи, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.

Необходимые для участия в конкурсе документы должны быть представлены в КГП на ПХВ «Многопрофильная областная детская больница» Управления здравоохранения Карагандинской области расположенного по адресу: г.Караганда, пр.Шахтеров 83, почтовый индекс: 100026, телефон 8 (7212) 50-50-83, 8 775 531 36 91.E-mail: Krg.odkb @mail.ru кабинет приёмная директора, в течение 15 календарных дней с момента публикации объявления о проведении конкурса в изданиях средств массовой информации.

№90

● ТАҒЗЫМ

# Мұхтар мұнарасы

**Америка Құрама Штаттарының астанасы Вашингтон төрінде қазақ руханиятының заңғар тұлғасы, абыз жазушы, зерттеуші-ғалым Мұхтар Мағауиннің құрметіне арналған тарихи һәм тағылымды іс-шара өтті. Алыс құрлықта қазақ сөзінің алтын діңгегін қаДаған қаламгердің бейітіне құлпытас қойылып, оның есімімен аталатын Қазақ ұлттық мәдени-ағарту орталығы ресми түрде есігін айқара ашты.**

**Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,**
«Ortalyq Qazaqstan»




Құлпытас орнату рәсімі Вашингтон түбіндегі «Парклон Мемориал» (Parklawn Memorial) пантеонында өтті. Жазушының ұлы, белгілі қаламгер Едіге Мағауиннің айтуынша, ескерткіштің әрбір сызығы мен бедерінде тұтас бір ұлттың шежіресі мен Мұхтар Мағауиннің ғұмырлық мұраты тоғысқан. Құлпытастың тау бейнесінде жасалуы – қазақтың өткен тарихы мен ата-бабаларымыздың асқарлы жолын нышандайды. Ескерткіштің артқы бетінде жазушы өмірінің соңында толық тәмамдап кеткен көне түркі жазулары мен таңбалары қашалса, бергі бетінде Шыңғыс хан дәуірінен Қазақ Ордасына дейінгі айбынды кезең бейнеленген.

– Құлпытас композициясы әкемнің шығармашылығының басты символдарымен байытылған. Оның астыңғы бөлігінен «Аласапыран» роман-эпопеясындағы көк күймелі көштің сұлбасын, ал, жоғарғы жағынан арыстан үстіндегі айбынды жырау бейнесін көруге болады. Бұл бейне – әкемнің әдебиетке қайта әкелген «Алдаспан» жыраулар поэзиясының рухы. Ескерткіште бейнеленген қалам мен алдаспан – көркем әдебиет пен ғылыми ізденістің, өткен мен болашақтың алтын көпірі. Ерекше айта кетерлігі, құлпытастың жоғарғы бөлігі Күлтегін ескерткішінің үлгісінде жасалып, төбесіне қазақтың киелі шаңырағы орнатылған, – деді Мұхтар Мағауин атындағы Қазақ ұлттық мәдени-ағарту орталығының жетекшісі әрі жазушының ұлы Едіге Мағауин.

Сондай-ақ, жазушының өз аудармасындағы Құран аяттары мен қанатты сөздері қашалған «ашық кітап» мүсіні зиярат етушілерді ұлы суреткермен сырласқандай күйге бөлейді.

Осы айтулы іс-шараның қисынды жалғасы ретінде Вашингтон іргесіндегі Күміс Бұлақ (Silver Spring) кентінде орналасқан жазушының мұражай-үйінде «Мұхтар Мағауин атындағы Қазақ ұлттық мәдени-ағарту орталығының» ресми таныстырылымы өтті. Kazakh American Association өкілі Сапарбек Нағашыбектің айтуынша, бұл орын бүгінде алыс шет елдегі қазақтардың басы түйісетін, ұлттық мүдде мен мәдениет насихатталатын киелі шаңыраққа айналып үлгерген.

*Сурет Kazakh American Association өкілі Сапарбек Нағашыбектің әлеуметтік желідегі парақшасынан*

● ГІР СПОРТЫ

# Қоржында – қос алтын

**Санкт-Петербургте гір спортынан халықаралық «Белые ночи» турнирі өткен болатын. Оған әлемнің 14 елінен 800-ден астам спортшы қатысқан. Солардың қатарында 85 келіге дейінгі салмақта сынға түскен қарағандылық Александр Комаров пен Никита Золотухин «ұзын цикл» дисциплинасында алтын жүлдеге қол жеткізді.**

**Ербол ЕРБОЛАТ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Айта кетейік, жарыс ережесі бойынша әр қатысушы 32 келілік гірді қос қолдап тік көтеруі қажет. Осы ретте жерлесіміз гір тасын 70 мәрте көтеріп, қарсылас шақ келтірмеді.

– Мен негізі 70-тен астам нәтижелі көтерілім жасаған едім. Алайда, соның бір-екеуін төрешілер есепке алмады. Бұл жағдай мен үшін күтпеген жайт болды. Соған қарамастан, бұл қорытынды нәтижеме айтарлықтай әсер еткен жоқ. Бәсеке өте тартысты өрбіді. Дегенмен, жарыстың алғашқы сәттерінен-ақ көш бастауға мүмкіндік алу маңызды еді, мен де соған ұмтылдым. Сол мақсатымды жүзеге асырып, жарыс бойы басымдықты сақтап қалуға тырыстым. Көрсеткішімді соңына дейін ұстап қалдым, – деді Александр Комаров.

Сонымен қатар, аталған чемпионатқа оның шәкірті Никита Золотухин де қатысып, 78 келіге дейінгі салмақта жеңімпаз атанды. Ал, Дмитрий Пацук пен Максим Шипихин жүлдегерлер қатарынан көріне алмады.

– Жарыс жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Қарсыластарымның барлығы да осал емес. Соған қарамастан, өз салмақ дәрежемде үздік атануыма мүмкіндік туды. Бұған дейін осы чемпионатқа арнайы дайындалып, жаттығу жұмыстарын жүйелі түрде жүргізген едім. Бірде-бір жаттығуды қалдырмауға тырыстым. Сол еңбектің бәрі ақталды. Сонымен қатар, Дмитрий Пацук пен Максим Шипихин де осы чемпионатта бақ сынады. Бұл олардың мансабындағы алғашқы ірі турнирлердің бірі болды. Олар үшін бұл жарыс үлкен тәжірибе алаңы болып, келешекке мол сабақ алды, – деді Никита Золотухин.

Айта кетейік, Александр Комаровты алда тағы бірқатар маңызды жарыстар күтіп тұр. Әуелі Ақтау қаласында өтетін Азия чемпионатында бақ сынамақ. Күзде Латвияда ұйымдастырылатын әлем чемпионатында ел намысын қорғайды.

● МӘДЕНИЕТ ОШАҚТАРЫНДА

# Тағылымды тағдыр тәбәрігі

**М.Әуезов атындағы орталық қалалық кітапхана төрінде «Ерлікпен ел қорғау» атты тағылымды кеш өтті. Кештің басты кейіпкері – ел шебін күзеткен айбынды азамат, «Құрметті шекарашы», «Ұзақ жорық үшін» төсбелгілерінің иегері, шекара қызметінің контр-адмиралы Кенжеберген Әбікеев. Тағылымды іс-шараға колледж бен жоғары оқу орындарының студенттері қатысты.**



**Ерік НАРЫН,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Өмірін Отан қорғауға арнаған ардақты азамат өз сөзінде әскери қызметтің жауапкершілігі мен қасиетті борыш екенін терең толғаныспен жеткізді.

Іс-шараға қатысқан зиялы қауым өкілдері де кеш мазмұнын байыта түсті. Жиын барысында қонақтар кеш иесінің өнегелі өмір жолына тоқталып, оның ел алдындағы еңбегіне жоғары баға берді. Әсіресе, сыныптастары мен достарының жүрекжарды естеліктері кештің әсерін тереңдете түсті. Олар Кенжеберген Қабышұлының азаматтық келбеті мен адамгершілік қасиеттерін тебірене әңгімелеп, жиналған жұртқа ой салды.

Кездесуде жас буын мен ардагер арасында ашық сұхбат өрбіді. Талғат Бигелдинов атындағы әскери колледж курсанттары мен Н. Әбдіров атындағы жалпы білім беретін мектеп жанындағы «Жас сарбаз» сыныбының оқушылары өздерін толғандырған сауалдарын қойды.

– Ердің әуелгі қасиетті борышы – өзінің отбасын және бәрінен де қымбат Отанын қорғау. Жас ұрпақ осыны көкейлеріне түйсе екен. Елді, жерді қорғайтын біздер мен сіздер. Сол себепті де, ер жігіт Отан үшін отқа түсе алуы тиіс деп есептеймін. Елімнің егемендігі баянды болса екен деп тілеймін. Халқымның береке-бірлігі, ынтымағы сетінемесін! – деді Кенжеберген Әбікеев.

Кеш аяқталғаннан кейін де студенттер өнегелі ғұмыр жолына түскен кеш кейіпкерімен жеке әңгіме өрбітті. Бұдан біз жастардың кеудесінде бір оттың тұтанғанын аңғардық.

*Сурет ұйымдастырушылардан*

**ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА!**

*Газеттің келесі саны 14 мамыр, бейсенбі күні шығады*

● ТУРНИР

# Алаш арыстарына арналды

**Нұра ауданының Шахтер ауылында ұлт көсемі Әлихан Бөкейханның 160 жылдығы мен Алаштың ардақтысы Әлімхан Ермековтің 135 жылдығына арналған ашық футбол турнирі жоғары деңгейде өтті.**

**Ермек БАЛТАШҰЛЫ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Ұлттық құндылықтарды дәріптеу мен бұқаралық спортты дамытуға бағытталған бұл турнир ұйымшылдықпен өтті. Жарыс қорытындысы бойынша I орынды «Мұзбел», II орынды «Шахтер», III орынды «Көбетей ардагерлері» командалары иеленді. Сондай-ақ, жарыс мемлекеттік деңгейде жоғары бағаланды: Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігі жарысты ұйымдастырушылар мен қатысушыларға Алғыс хаттар табыстады. Үздік футболшылардың бір тобы – Арман Шоданов, Асылбек Ерденбай, Дамир Жүсіпов министр Ербол Мырзабосыновтың Алғыс хаттарымен марапатталса, Владимир Шумулянд, Жанбота Жақыпов, Дәурен Әбдіғалиевке Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың Алғыс хаттары табыс етілді. Сонымен қатар, бірсыпыра белсенді азаматтарды және турнирдің бас төрешісі Әлихан Боранқұловты облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы марапаттады.

Турнирді ұйымдастырушылар – Шахтер ауылының Қайып Шайменов атындағы орта мектебін 2004-2005 оқу жылы тәмамдаған түлектер. Олардың бастамасы бүгінде ауылдағы ғана емес, өңірдегі маңызды спорттық дәстүрге айналып отыр. Турнирге қатысушылар саны уақыт өткен сайын артып, бәсекелестік деңгейі жоғары болды. Тағылымды іс-шара алдағы жылдары да жалғасын табатын дәстүрлі жарыс ретінде қалыптасуда.

● ФУТБОЛ

# «Шахтер» көш бастап тұр

**Футболдан Қазақстан Бірінші-Лига ойындарының алғашқы бес туры аяқталды. Ал, қарағандылық «Шахтер» 13 ұпаймен көш басына жайғасты. Жерлестер бұл кезеңде сырт алаңда «Каспий» жастар клубымен кездесіп, 2:0 есебімен жеңіске жетті.**

**Ербол ЕРБОЛАТ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағандылықтардың биылғы қарқыны жанкүйер көңілінен шығып келеді. Маусымның алғашқы турында олар «Алматы» жастар клубымен 1:1 есебімен тең түссе, кейінгі кездесулерде «Батыр», «Арыс» және «Тобыл» мен «Каспийдің» жастар құрамасын тізе бүктірді.

«Каспий» жастар клубына қарсы өткен ойынның алғашқы бөлігі тартысты өрбіді. Қос команда бір-бірінің әлсіз тұсын аңдып, алаңда сақ ойын көрсетуге тырысты. Соған қарамастан, осы кезеңде жерлестер ойын тізгінін қолға алып, статистикалық көрсеткіштер бойынша қарсыластарынан басым түсті.

Кездесудегі алғашқы гол 57-ші минутта тіркелді. Шабуыл барысында «Шахтер» ойыншылары шабуылды оң қапталмен бастаған. Осы тұста қарсылас команда қорғаушылары шабуылға тосқауыл қойып, допты алаң жиегіне шығарып тастайды. Осы сәтте допты қапталдан ойынға қосқан Данила Васильченко оны бірден алаң ортасына қарай асырған. Осы тұста оңтайлы позицияға шыққан Рифат Нұрмұғамбет допқа бірінші болып жетіп, допты қақпа торына тоғытты. Есеп – 1:0.

Ойынның 71-ші минутында Роман Асылбаев есепті еселеді. Бұл шабуыл да оң қаптал арқылы сәтті өрбіді. Қорғаушы Дәулет Зайнетдинов допқа иелік ете салысымен, оны оң қапталға дәл асырған. Осы тұста Роман допты шебер қабылдап, қарсылас қорғаушыларын қапы қалдырды. Сөйтіп, жойқын соққы жасап, есепті еселеп кетті. Осылайша, жерлестер сырт алаңдағы кезекті ойынында жеңіске қол жеткізді.

Турнир кестесінде 12 ұпай еншілеген түркістандық «Тұран» II орында тұр. Үздік үштікті 11 ұпайы бар «Қайраттың» жастар құрамасы түйіндеген. Ал, сұрмергендер тізімінде «Шахтердің» шабуылшысы Артем Литош көш бастап келеді. Ол маусым басталғалы бері төрт мәрте қарсылас қақпасын дәл көздеп, үш нәтижелі пас берген.

Енді қарағандылықтар 15 мамырда өз алаңында «Ақтөбе» жастар клубын қабылдайды.



*Сурет клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан*

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет
Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
**МЕНШІК ИЕСІ:** «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор **Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары **Станислав Альбертович ПЕСНЕВ**
Директордың орынбасары **Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА**

Бас редактор **Е.К. МҰСАБЕК**
Бас редактордың орынбасары **Қ.А. АЙТЖАН**
Сайт редакторы **А.Ә. СОВЕТ**
Жауапты хатшы **С.Б. ІЛИЯШ**

**Телефондар:**
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

**Меншікті тілшілер:**
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра,
Осакаров: 8-702-216-73-50
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
● Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
● Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
● Материалдың жариялану ақысы төленген Ⓡ

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
**Мекенжайымыз:** 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

**Электрондық пошта:** ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

**Газет жеткізілмесе**
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826M0KZTD2003131,
БИК KCJBKZKX БИН 000840001412

Таралымы 4 081

№49 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

**Бағасы келісім бойынша**
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
**Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.**
**Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.**
Кезекші редактор **Ерік НАРЫН**